ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ
Терминдер мен анықтамалар

АВТОМОБИЛЬНЫЕ ДОРОГИ
Термины и определения

ҚР СТ 1053-2011

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ

Терминдер мен анықтамалар

ҚР СТ 1053-2011

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 535-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта:

2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II техникалық реттеу туралы;

2001.17.07. № 245-II ҚРЗ Автомобиль жолдары туралы ;

«2003 жылғы 4 шілдедегі № 476-II автомобиль көлігі туралы;

1996 жылғы 15 шілдедегі № 29-I «Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының

2008 жылғы 27 наурыздағы № 294 Автомобиль жолдарын пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптары;

2008 жылғы 31 наурыздағы № 307 Автомобиль жолдарын жоспарлау кезінде қауіпсіздік талаптары;

2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 1331 «Жол-құрылыс материалдар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенттер нормалары жүзеге асырылды.

1968 жылғы жол белгілері мен сигналдары туралы конвенцияға БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссияның ішкі тасымалдау бойынша комитетпен әзірленген соңғы түзетулер мен толықтырмаларды есепке алып, (E/CONF.56/17/Rev.1) жол белгілері мен сигналдары туралы конвенциямен үйлескен

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2017жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 ҚР СТ 1053-2002 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

Осы стандарттың өзгертулері туралы ақпарат «Қазақстан Республикасында стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгертулер мәтіні - «Мемлекеттік стандарттар» ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті хабарлама «Мемлекеттік стандарттар» ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Терминдер мен анықтамалар	1
3	Терминдердің әліпбилік көрсеткіші	34

Кіріспе

Стандартта белгіленген терминдер автомобиль жолдарының саласындағы түсініктеме жүйесін көрсететін жүйелік тәртіпте орналасқан. Әр бір түсініктеме үшін бір стандартталған термин белгіленген.

Қолданылуға ұсынылған термин-синонимдері стандартталған терминнен кейін дөңгелек жақшаларында беріліп, «Нрк» белгісімен белгіленген.

Дөңгелек жақшаларда бар термин бөлігі стандарттау бойынша құжаттарда терминді пайдалану кезінде түсірілуі мүмкін, осы кезде дөңгелек жақшаларға кірмеген термин бөлігі оның қысқа пішінін пайда болдырады.

Осы стандарт жобасына барлығымен 554 терминологиялық баптары бар.

Әліпбилік көрсеткіштерінде осы терминдер бап нөмірі көрсетіліп, бөлек берілген.

Берілген анықтамаларды ішіне туынды белгілеріне енгізіп, қолданылатын терминдер мәнін ашып, белгіленетін түсініктеме көлеміне кіретін объектілерін көрсетіп, қажетті болса, өзгертуге болады. Өзгертулер осы стандартта белгіленген түсініктеме мазмұнын және көлемін бұзбауға тиіс.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ

Терминдер мен анықтамалар

Енгізілген күні 2012-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт автомобиль жолдары саласындағы негізгі терминдер мен анықтамаларды белгілейді.

Осы стандартта белгіленген терминдер жеке және заңды тұлғалардың барлық ұйымдастыру-құқықтық нысандарының нормативтік және техникалық құжаттарында, ғылыми-техникалық, әдістемелік оқу әдебиеттері мен құралдарында пайдаланылуы міндетті.

2 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамалары бар төмендегідей терминдер қолданылады:

2.1 Жалпы ережелер

2.1.1 Негізгі ұғымдар

2.1.1.1 Автомобиль жолы: Жылдамдығы, жүктемесі, габариті белгіленген автомобильдер мен басқа да көлік құралдарының үздіксіз, қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін автомобиль қозғалысына арналған инженерлік ғимараттар кешені, сондай-ақ аталмыш кешенді (көлік орнын) орналастыруға берілген жер телімі және олардың үстіндегі белгіленген габариттің шегіндегі ауа кеңістігі. Автомобиль жолдары төмендегіше бөлінеді:

- Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары;
- Шаруашылық автомобиль жолдары;
- Қалалар мен елдімекендердің көшелері.

2.1.1.2 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары: Жеке және заңды тұлғалардың жүруіне шектеу қойылмаған автомобиль жолдары. Олар халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары деп бөлінеді.

2.1.1.3 Халықаралық маңызы бар автомобиль жолдары: Көрші мемлекеттердің астаналарын байланыстыратын, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдерге сәйкес халықаралық автомобиль жолдарының желісіне енетін автомобиль жолдары.

2.1.1.4 Республикалық маңызы бар автомобиль жолдары: Көрші мемлекеттер, республикадағы ірі әкімшілік, мәдени және экономикалық орталықтар арасындағы көлік хабарламасын қамтамасыз ететін автомобиль жолдары, сондай-ақ қорғаныс маңыздылығы бар автомобиль жолдары.

2.1.1.5 Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары: Республиканың әкімшілік орталықтарын аудандармен, ауылдық елдімекендермен, сондай-ақ халықаралық және республикалық маңызы бар жолдардан басқа, аудан орталықтарын республикалық маңызы бар жолдармен байланыстыратын автомобиль жолдары.

2.1.1.6 Шаруашылық автомобиль жолдары: Шаруашылық субъектілердің аумағындағы автомобиль жолдары, олардың өндірістік-шаруашылық жүк тасымалдарына қызмет ететін, жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарынан ауылшаруашылық ұйымдардың шаруашылық ішіндегі жолдарына кіреберіс жолы, қызметтік, патрульдік және жеке автомобиль жолдары.

Ресми басылым

2.1.1.7 Көше (көшенің автомобиль өтетін бөлігі): Қала немесе басқа да елдімекендердің шекара шегіндегі автомобиль жолы.

2.1.1.8 Автомагистраль: Әрбір қозғалыс бағытында бір-бірінен шекаралық сызық арқылы бөлініп тұратын, өтетін бөліктері бар жол, шекаралық сызық болмаған жағдайда – басқа жолдармен, темір немесе трамвай жолдарымен, жаяу жүргінші немесе велосипед жолдарымен бір деңгейде қиылысы жоқ жол.

2.1.1.9 Жылдамдықты автомобиль жолы: Қозғалыс жылдамдығы жоғары және бүкіл жол бойында айырықты өтетін бөліктері бар, қозғалысқа қызмет көрсету деңгейі "В"-дан төмен емес және әртүрлі деңгейлерде ғана қиылысатын (әртүрлі деңгейде қиылысқанда және тікелей бағыт ағындарының қиылыссыз бір деңгейде тұтасуында бұндай жол болуы мүмкін) автомобиль ағындарының қозғалысына арналған автомобиль жолы.

2.1.1.10 Ақылы автомобиль жолдары: Ақылы негізде пайдалану және сол көшеден өткені үшін төлем қабылдау туралы шешім қабылданған автомобиль жолдары.

2.1.1.11 Автомобиль жолының атауы: Бастапқы және соңғы елдімекеннің атауынан, қажет болған жағдайда аралық пункттердің атауынан тұратын автомобиль жолдарының белгісі.

2.1.1.12 Автомобиль жолының индексі: Латын әліппесінің әріптерінен және сандар тобынан тұратын автомобиль жолының шартты белгісі.

2.1.1.13 Автомобиль жолының ұзындығы: Объектілердің немесе елдімекендердің арасындағы нақты (жергілікті) километрлік белгілермен көрсетілген жолдың нақты ұзындығы.

ЕСКЕРТУ Республикалық және жергілікті маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының ұзындығы бастапқы және соңғы елдімекендер арасында саналады.

2.1.1.14 Елдімекендерді байланыстыратын автомобиль жолдарының ұзындығы: Тиісті елдімекендердің шекара арасындағы арақашықтығы.

ЕСКЕРТУ Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының километрін есептеу:

- Қазақстан Республикасының астанасынан шығатын автомобиль жолдары үшін - Қазақстан Республикасы Парламентінің ғимаратынан басталады;
- Өзге елдімекендерден шығатын автомобиль жолдары үшін – жергілікті атқарушы органдардың ғимаратынан басталады, олар болмаған жағдайда – елдімекеннің шекарасынан басталады.

2.1.1.15 Өзара басқа да автомобиль жолдарын байланыстыратын және оларға қабысып жатқан автомобиль жолдарының ұзындығы: Байланысып тұрған автомобиль жолдарының ось қиылыстарының арасындағы арақашықтық.

2.1.1.16 Көше, қала және өзге де елдімекендердің ұзындығы: Тиісті қалалар мен елдімекендердің шекара шегіндегі арақашықтығы.

2.1.1.17 Жолдардағы міндетті элементтер: Қажетті жердің барлық жеріндегі жобаның, жолдың жол бойындағы және көлденең профиліндегі элементтері белгілі бір техникалық категориялы жол үшін міндетті болып табылады.

2.1.1.18 Бұрылыс жолағы: Автомобиль жолының тиісті құрылымдық элементтері мен инженерлік ғимараттарды, сондай-ақ ғимараттарды, құрылыстарды, қорғаныс және декоративті екпе ағаштарды және оларды пайдалануға қажетті жол байланыс құрылғыларын орналастыруға арналған автомобиль жолдары төселген көлік жолдары.

2.1.1.19 Жолдың жанындағы жолақтар: Көлік және халық қозғалысының қауіпсіздігі үшін жерді пайдаланудың ерекше шарттары белгіленген шекаралардағы автомобиль жолдарының бұрылыс жолағына байланысқан жер телімдері.

2.1.1.20 Автомобиль жолдарының желісі: Мемлекет аумағындағы барлық автомобиль жолдарының жиынтығы.

2.1.2 Жол қызметін басқару

2.1.2.21 Жол қызметі: Автомобиль жолдары мен олардың ғимараттарын жабдықтау және пайдалану бойынша жобалау, құрылыс салу, қайта құрылымдау және жөндеу бойынша қызмет.

2.1.2.22 Мемлекеттік басқару органы: Автомобиль жолдарының дамуын, сақталуын, жөнделуін және маңыздылығын қамтамасыз ететін құзіретті мемлекеттік орган.

2.1.2.23 Жол қызметін басқару: Жолдардағы қозғалыстың қауіпсіздігін және жайлылығын ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге, автомобиль жолдары мен ғимараттардың көліктік-пайдаланылу жағдайын арттыруға, оларды қорғау тәртібін қамтамасыз етуге, нормативті құқықтық актілерде белгіленген мемлекеттік стандарттардың негізінде автомобиль жолдарының жобасын, құрылысын, қайта құрылымдалуын, жөнделуін, маңыздылығы мен пайдаланылуын ұйымдастыруға және озық технологияларды енгізуге бағытталған іс-шаралар кешені.

2.1.2.24 Автомобиль жолдарын басқарушы: Автомобиль жолдарының меншік иесі болып табылатын немесе шаруашылық жүргізу құқығында немесе шұғыл басқару, сондай-ақ облыстық немесе аудандық маңызы бар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын немесе олардың телімдерін ақысыз пайдалану шартына сәйкес автомобиль жолдарын басқару қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

2.1.2.25 Жол органдары: Жалпы қолданыстағы мемлекеттік автомобиль жолдарын басқаруды жүзеге асыратын автомобиль жолдары жөніндегі құзіретті мемлекеттік орган, оның аймақтық органдары.

2.1.2.26 Автомобиль жолдарының жағдайын тексеру: Жол және жол ғимараттарының қызмет көрсеткіштері, сипаттамалары мен жағдайлары туралы ақпаратты тексеру, жинау және саралау, ақаулықтардың болуы және олардың пайда болу себептері, жол және жол ғимараттарын одан ары пайдалану барысында олардың жағдайын бағалауға және болжауға қажет көлік ағындарының сипаттамалары.

2.1.2.27 Жол қызметінің объектілері: Қонақүйлер, мотельдер, кемпингтер, жанар-жағармай құю стансалары, техникалық қызмет көрсету стансалары, тамақтану және сауда орындары.

2.1.2.28 Инвентаризация: Жол және жол ғимараттарының тозуын тексеру және анықтау, техникалық есебін өткізе отырып, олардың баланстық құнын нақтылап, оның нәтижелері бойынша жолдың паспорты құрастырылады немесе қайта ресімделеді.

2.1.2.29 Автомобиль жолдарын қорғау: Жол және жол ғимараттарын пайдалану барысында олардың сақталуын қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені.

2.1.2.30 Автомобиль жолын паспорттау: Автомобиль жолдары мен жол ғимараттарының паспортын құрастырып, техникалық есепке алу жүйесі.

2.1.2.31 Жол паспорты: Жолдың сызықтық кестесінен және оның техникалық әрі пайдалану сипаттамаларынан, сондай-ақ жолдың құрылымдық элементтері мен онда болатын өзгерістердің жағдайы, жолды қайта құрылымдау және жөндеу бойынша орындалатын жұмыс көлемі туралы мәліметтерден тұратын жолдың техникалық есебінің негізгі құжаты.

2.1.2.32 Автомобиль жолдарын пайдаланушы: Жол қозғалысына қатысушылар немесе автомобиль жолдарының бұрылыс жолағы және жолдың жанындағы жолағы шегінде өзге де қызметтерді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

2.1.2.33 Жол жұмыстары: Автомобиль жолдарын салу, қайта құрылымдау, жөндеу және қалпында сақтау тұру кезінде орындалатын жұмыстар.

2.1.2.34 Автомобиль жолының құрылысы: Автомобиль жолының құрылысы бойынша технологиялық, инфрақұрылымдық және басқару үдерістерінің кешені.

2.1.2.35 Автомобиль жолын қайта құрылымдау: Автомобиль жолын немесе оның

бір бөлігін анағұрлым жоғары технологиялық категорияға ауыстыру арқылы қозғалыстың көліктік-пайдалану сапаларын, қауіпсіздігі мен жайлылығын арттыруды қамтамасыз ететін жұмыстар кешені.

2.1.2.36 Автомобиль жолын күрделі жөндеу: Қолданыстағы техникалық категорияларды өзгертпей, автомобиль жолының көліктік-пайдалану сипаттамаларын қалпына келтіру және (немесе) жақсарту бойынша жұмыстар кешені.

2.1.2.37 Автомобиль жолын қалпында ұстау: Автомобиль жолының тиісті техникалық жағдайын демеу, оның техникалық жағдайын, сондай-ақ жол қозғалысының қауіпсіздігін ұйымдастырылуы мен қамтамасыз етілуін бағалау бойынша жұмыстар кешені.

2.1.2.38 Жол жағдайы туралы дерекқор: Автомобиль жолының көліктік-пайдалану жағдайы туралы ақпараттың жинақтау тәртібінде кезеңмен жиналуы.

2.8.39 Жол қызметінің объектілері: Жол-пайдалану кешендері, пайдалану қызметінің қызметкерлеріне арналған тұрғын үйлер, автобус аялдамалары, павильондар, демалыс алаңдары, автомобильдердің қысқа мерзімге тұрақтауына арналған алаңдар, автомобильдерді техникалық қарауға арналған құрылғылар, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған ғимараттар мен құрылғылар, орман алқабы, көпірлерге қызмет ететін және қорғайтын пункттер, технологиялық және апаттық-шақыру байланысының құрылғысы.

2.1.3 Жолдардың техникалық-пайдалану сапалары мен сипаттамалары

2.1.3.40 Жолдардың техникалық-пайдалану сапалары мен сипаттамалары: Жолдың жұмысқа қабілеттілігін анықтайтын жол сипаттамалары мен оның инженерлік ғимаратының пайдалану үдерісіндегі сенімділігі.

2.1.3.41 Автомобиль жолдарының классификациясы: Жолдың белгі классификациясы бойынша бөліну жүйесі.

2.1.3.42 Автомобиль жолдарының қызметтік классификациясы: Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын аумақтың көліктік қызметін қамтамасыз ету сипаты бойынша бөлу. Көлік байланыстары мен орындалатын тасымалдың сипатын көрсетеді.

2.1.3.43 Автомобиль жолдарының техникалық классификациясы: Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын олардың көліктік-пайдалану көрсеткіштері бойынша категорияларға бөлу.

2.1.3.44 Жөндеу жұмыстарының классификациясы: Жол жөндеу жұмыстарының түрі мен құрамы бойынша бөлінуі. Жөндеу жұмыстарының төмендегідей түрлері бар: күрделі, орташа, ағымдағы жөндеу және автомобиль жолдары мен жол ғимараттарын қалпында ұстап тұру.

2.1.3.45 Жолдың техникалық категориясы: Жолдың негізгі геометриялық элементтерін, оның көліктік-пайдалану көрсеткіштері мен тұтыну сипатын анықтайтын, көлік құралдарының болашақтағы орташа жылдық, орташа тәуліктік қозғалыс қарқындылығының көлемі бойынша халық шаруашылық маңыздылығы бар автомобиль жолдарының сипаттамасы.

2.1.3.46 Автомобиль жолдарының класы: Автомобиль жолдарына қол жеткізу жағдайлары бойынша сипаттамалары.

2.1.3.47 Автомобиль жолының тұтынушылық сипаты: Көлік ағынының қауіпсіз және үнемді қозғалысын, оның ішінде жолдың қозғалыс деңгейін, көлік ағыны қозғалысының жылдамдығын, қауіпсіздігі мен ыңғайлылығын қамтамасыз ететін автомобиль жолдарының көліктік-пайдалану көрсеткіштері.

2.1.3.48 Жолдың көліктік-пайдалану көрсеткіштері: Автомобиль көлігінің тиімді жұмысына тікелей әсер ететін және жолды пайдаланушылардың мүдделерін көрсететін көрсеткіштер жиынтығы.

2.1.3.49 Көлік құралдарының шекті габариттері: Көлік құралдарының шекті

сызықтық өлшемдері, олардың қауіпсіз орналасуы автомобиль жолдары мен олардың ғимараттарын қамтамасыз етуі тиіс.

2.1.3.50 Көлік құралдарының шекті жалпы салмағы: Көпір құрылымдарының, жол өтпелерінің және басқа да инженерлік ғимараттардың жүктемелерді айтарлықтай өзгеріссіз және қираусыз қабылдау қабілеттілігін шектейтін автомильдердің жалпы салмағы.

2.1.3.51 Толық салмақ: Автокөлік құралының жабдықталған жеке салмағының, жүк салмағының (автобустарда – жолаушылар мен оларға тиісті қол жүктері), жүргізуші салмағы мен кабинада отырған адамдар (орын саны бойынша) салмағының жиынтығы.

2.1.3.52 Рұқсат етілетін толық салмақ: Дайындаушы кәсіпорын көлік құралы құрамының рұқсат етілген барынша жоғарғы салмағы ретінде белгілеген көлік құралының жүгі, жүргізушісі және жолаушылары бар жабдықталған салмағы, яғни тұтасқан және бір бүтін тәрізді қозғалатын көлік құралы көлік құралдарының рұқсат етілген ең жоғарғы салмағының жиынтығы ретінде қабылданады.

2.1.3.53 Ең жоғарғы осьтік жүктеме: Көпірлердің сақталу және жүк көтеру жағдайлары бойынша белгіленген осьтік жүктеме.

2.1.3.54 Нормативті осьтік жүктеме: Жол ғимараттары, жол қаптауы, жер төсемінің жоғары бөлігінің және жол қаптауының тұрақтылығы мен беріктігінің сақталу жағдайы бойынша есептелген жүктеме.

2.1.3.55 Көлік құралдарының рұқсат етілетін осьтік жүктемесі: Жол құрылымының (жол қаптауы мен жол төсемі) талап етілетін беріктікті, сондай-ақ қызмет етудің барлық кезеңінде, оның ішінде жылдың көктем мезігілінде де төсемнің түзулігін сақтау қабілеттілігімен шектелетін автомобиль осінің жүктемесі.

2.1.3.56 Автомобиль қозғалысының жолды қамтамасыз ететін жылдамдығы: Жеңіл автомобильдің еркін қозғалыста барынша мүмкін және қауіпсіз жылдамдығы, бұл жылдамдыққа жолдың геометриялық көрсеткіштері, көліктік-пайдалану сипаттамалары және жағдайы кезінде қол жеткізуге болады. 85 % қамтамасыз етілген жеңіл автомобильдің жылдамдығы ретінде немесе 95 % қамтамасыз етілген көлік ағынының жылдамдығы ретінде анықталады.

2.1.3.57 Есептік жылдамдық: Ауа райының қалыпты жағдайы кезінде қауіпсіздік, жайлылық және жабдықталу жағдайлары бойынша анағұрлым мүмкін жеке автомобиль жылдамдығы және автомобиль дөңгелектерінің елдімекен учаскелерін жобалауға анағұрлым жағымсыз автомобиль жолдарының геометриялық элементтерін есептеу үшін қолданылатын өтпелі бөліктің бетімен үйкелуі.

2.1.3.58 Көлік ағыны қозғалысының жылдамдығы: Көлік ағыны қозғалысындағы жеке көлік құралдарының өзара әрекеттері есепке алынатын жылдамдық.

2.1.3.59 Жалпы автомобиль жолының сенімділігі: Жолдың белгіленген уақыт кезеңінде белгіленген шекте пайдалану көрсеткіштерінің мәнін сақтау кезінде қауіпсіз есеп қозғалысын қамтамасыз ету мүмкіндігі.

2.1.3.60 Жол қаптауының сенімділігі: Нормативті жөндеу аралық қызмет мерзімінде жол қаптауының бас тартпай жұмыс істеу мүмкіндігі.

2.1.3.61 Жер төсемінің сенімділігі: Пайдаланудың белгіленген жағдайында жол қаптауының жер асты инженерлік құрылымы немесе жер асты табаны ретінде белгіленген мерзімде өзінің қызметін тоқтамай орындау мүмкіндігі.

2.1.3.62 Автомобиль жолының шекті жағдайы: Жолдың техникалық мүмкінсіз немесе оны пайдаланудың қолайсыз жағдайы.

2.1.3.63 Автомобиль жолының жалпы тоқтауы: Автомобиль жолының көлік ағынының есептік қозғалысын қамтамасыз етпеген жағдайы.

2.1.3.64 Автомобиль жолының ішінара тоқтауы: Жолды тиісті түрде шектеумен ғана пайдалану жағдайы.

2.1.3.65 Автомобиль жолының толық тоқтауы: Орын алған оқиғадан кейін жолды тағайындалымы бойынша пайдалану мүмкін емес.

2.1.3.66 Нормативтік қызмет мерзімі: Нормалармен немесе стандарттармен белгіленген ғимаратты пайдаланудан бастап шекті жағдай орын алғанға дейінгі ең төменгі күнтізбелік ұзақтық.

2.1.3.67 Автомобиль жолының қызметтік мерзімі: Салынған жолды пайдалануға берілгеннен бастап оның шекті жағдайы аяқталғанға дейінгі күнтізбелік пайдалану ұзақтығы.

2.1.3.68 Жол төсемінің қызмет мерзімі: Жол төсемінің пайдалануға берілген мерзімінен бастап оның шекті жағдайы орын алғанға дейінгі күнтізбелік пайдалану ұзақтығы.

2.1.3.69 Жол қаптауының қызмет мерзімі: Жол қаптауының пайдалануға берілген мерзімінен бастап оның шекті жағдайы орын алғанға дейінгі күнтізбелік пайдалану ұзақтығы.

2.1.3.70 Жол қаптауы мен төсемдерінің жөндеу аралық қызмет мерзімі: Жолды пайдалануға берген кезеңнен бастап алғашқы күрделі немесе орта жөндеуге дейінгі кезең, сондай-ақ пайдалану барысында екі күрделі немесе орта аралық жөндеу кезеңі.

2.1.3.71 Қозғалыс қарқындылығы: Бірлік уақытында (бір тәулікте немесе бір сағатта) жолдың белгілі бір қиылысынан өтетін көлік құралдарының саны.

2.1.3.72 Жолдың ең жоғарғы өткізу қабілеттілігі: Тамаша жол жағдайында бірлік уақытында жолдың бір бөлігінің немесе жалпы жолдың өткізе алатын ең жоғарғы автомобильдер саны.

2.1.3.73 Жолдың есептік өткізу қабілеттілігі: Есептік жол және ауа райы-климаттық жағдайларда жол қиылысы арқылы өтетін жеңіл автомобильдердің ең жоғарғы саны.

2.1.3.74 Жолдың нақты өткізу қабілеттілігі: Нақты жол жағдайында бірлік уақытында жолдың бір бөлігінің немесе жалпы жолдың өткізе алатын ең жоғарғы автомобильдер саны.

2.1.3.75 Жолдың өткізу қабілеттілігі: Бірлік уақытында жолдың бір бөлігінің немесе жалпы жолдың өткізе алатын ең жоғарғы автомобильдер саны.

2.1.3.76 Автомобиль жолының (жол қаптауы, төсем) жұмысқа қабілеттілігі: Жолдың барлық қызметтік мерзімі ішінде (жол киімі, төсемі) өткізе алатын жүк және көлік құралдарының жалпы салмағы (брутто).

2.1.3.77 Жолдың есептік жүктеме деңгейі: Барлық есептік мерзім ішінде жолдың асырмауы тиіс жүктеме деңгейі.

2.1.3.78 Жолдың қолайлы жүктеме кезеңі: Жол автокөлік құрамасының шығынын және жол-көлік оқиғаларының шығынын жинақтаған кезде жол жүктемесі деңгейінің анағұрлым төмен болуы. Жолдың класы мен категориясына байланысты және 0,5-0,6 шегінде болады.

2.1.3.79 Жолдағы қозғалыс жүктемесінің деңгейі: Қозғалыстың нақты қарқындылығын практикалық өткізу қабілеттілігіне қатысты сипаттайтын көрсеткіш.

2.1.3.80 Қозғалысқа қызмет көрсету деңгейі: Қозғалыстың қауіпсіздігін, ыңғайлылығын, қолайлылығын және үнемділігін анықтайтын және қозғалыспен жүктеу, қозғалысты ұйымдастыру жылдамдығы және шекті қозғалыс қарқындылық деңгейін анықтайтын көрсеткіш.

2.1.3.81 Жол қалпының деңгейі: Жұмыстың толықтығын және орындалу сапасын көрсететін жалпы көрсеткіш.

2.1.3.82 Қозғалыстың қолайлылығы: Автомобиль қозғалысының жол бойына жылдамдығы мен жол бойына қозғалып келе жатқан басқа да автомобильдер болған кезде жолдың геометриялық көрсеткіштерін, сипаттамалары мен жағдайын қамтамасыз ететін

траекториясын өзгертпей қозғалу мүмкіндігі.

2.2 Автомобиль жолдарын жобалау және геометриялық элементтер

2.2.83 Кинетикалық архитектура: Жол бойындағы ғимараттардың архитектуралық стилі, оның ішінде көлік құралындағы адамдардың қабылдану ерекшеліктерімен шарттас монументалды архитектура объектілері.

2.2.84 Жолдың архитектуралық бассейні: Жүргізушінің қисық биіктіктің алдынан жол көрінетін ландшафт телімі.

2.2.85 Қисық биссектрисасы: Тасжолдың бұрылыс бұрышының төбесін қисықтың ортасымен байланыстыратын түзудің кесіндісі.

2.2.86 Жиектеме: Өтетін бөліктің беткі қабатының астына немесе оның үстіне орнатылатын құрылымдық бүйірлі қоршау.

2.2.87 Жиек: Беткей төсемі мен жер жиегінің қиылысқан сызығы.

2.2.88 Қисықтың ұшы: Жоғарғы және төменгі бұтақтарды байланыстыратын бойлық профильдегі шығыңқы қисықтың ең жоғарғы нүктесі.

2.2.89 Шұғыл бұрылыс: Қозғалыстың қауіпсіздігі мен жайлылығын арттыру мақсатында автомобильдің центрден тепкіш жылдамдығының компенсациясы болатын қисықтың орталыққа еңкейген жолдың сыңар итарқалы профиліндегі телім.

2.2.90 Әуе сызығы: Жоспардағы белгіленген пункттерді байланыстыратын тік сызық.

2.2.91 Тік қоспа: Жоспардағы бір немесе қарама-қарсы жақтарға бағытталған көршілес қисықтар арасындағы тасжолдың тік телімі.

2.2.91 Техникалық автомобиль жолдарын іздеу: Аймақты тексеруден және аспаптық жағынан жинақталуынан тұратын, сондай-ақ тасжолдың бағытын орнату үшін оны инженерлік-геологиялық тексеруден өткізу және жол жобасын әзірлеу тәрізді іздеу жұмыстарының кешені. Барлау және толық деп екіге бөлінеді.

2.2.92 Қозғалыстың жинақталған қарқындылығы: Жеңіл автомобильге қатысты көлік ағынының орташа жылдық, тәуліктік қарқындылығы.

2.2.93 Қозғалыстың есептік қарқындылығы: Жолды жобалау, қалпында ұстау және қозғалысты ұйымдастыру кезінде техникалық және экономикалық есепте қолданылатын орташа жылдық, тәуліктік қарқындылық немесе белгіленген сағаттың қарқындылығы.

2.2.94 Қозғалыстың болашақтағы қарқындылығы: Жолдың жобаланған болашақ кезеңінің аяғына қарай күтілетін қозғалыс қарқындылығы.

2.2.95 Клотоидтер: Қисықтың ұзындық бойымен өсу заңын сипаттайтын және тұрақты (есептік) жылдамдығы бар автомобиль қозғалысының жағдайына тамаша жауап беретін өтпелі қисықтар.

2.2.96 Әртүрлі көлік құралдарының келтірілген қозғалыс қарқындылығының жеңіл автомобильге қатысты коэффициенті: Бір жүк автомобилі немесе автопойызы өткен уақытта жол бойымен қанша жеңіл автомобильдің өтуі мүмкін екендігін сипаттайтын қозғалыс қарқындылығын арттыру коэффициенті.

2.2.97 Тасжолды дамыту коэффициенті: Тік сызық бойындағы тасжолдың нақты ұзындығына қатысы, белгіленген пункттерді («әуе сызығы») байланыстыру тасжолдың нұсқаларын салыстырмалы бағалау кезіндегі көрсеткіштердің бірі болып табылады.

2.2.98 Көмекші қисық: Тасжол бағыты мен серпантиннің тік қоспасы арасындағы өтпелі қисық.

2.2.99 Сызықтық қисық: Бір бағыттағы қисық шеңберлердің қатарынан тұратын қисық, түйісу нүктелерінде ортақ жанамалары бар.

2.2.100 Өтпелі қисық: Жоспардағы, оның ішінде тасжолдың тік телімдері мен домалақ қисықтарының арасындағы әртүрлі қисық тасжол телімдерінің арасындағы

бірқалыпты өтуді қамтамасыз ететін өтпелі радиус қисығы. Өтпелі қисықтар клотоидтер, лемнискат, кубтық парабола, сызықтық қисық және т.б. бойынша орналасады.

2.2.101 Жоспардағы қисық: Жоспардағы екі көршілес түзуді байланыстыратын қисық.

2.2.102 Тік қисық: Жолдың бойлық профилінің сынықтарын түйістіретін қисық. Қисықтың қисықтығына байланысты шығыңқы немесе иілген қалпында болуы мүмкін.

2.2.103 Өтпелі бөліктің жиегі: Өтпелі бөлікті жолдың жиегінен бөліп тұратын сызық.

2.2.104 Жоба сызығы: Жолдың жер төсеміне қатысты бойлық профиліндегі жиегінің (осінің) жобалық қалпын бейнелейтін сызық.

2.2.105 Жол желісін сызу: Автомобиль жолдарының жобалы желісін графикалық тұрғыдан бейнелеу.

2.2.106 Жолдың жиегі: Тікелей өтпелі бөлікке түйіскен және жер төсемінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалысын ұйымдастыруға, сондай-ақ төтенше жағдайларда пайдалануға арналған жол элементтері.

2.2.107 Автомобиль жолының осі: Жолдың өтпелі бөлігінің немесе бөлу жолағының ортасынан өтетін шартты сызық.

2.2.108 Жобалық белгі: Жер төсемі жиегінің (немесе осінің) көл деңгейінен немесе шартты деңгейінен биіктігі.

2.2.109 Жұмыс белгісі: Жобалық белгі мен үйіндінің биіктігін немесе шұңқырдың тереңдігін анықтайтын жол осі бойынша жер белгісінің арасындағы айырмашылық. Бойлық профильдің жобалық сызығының үстіне (үйіндінің) немесе оның астына (шұңқырға) жазылады.

2.2.110 Жобалы сызықтың сынығы: Бойлық беткейді өзгерту кезінде тік жобалы сызықты қиыстыру нүктесі.

2.2.111 Жолдардың қиылысы: Қиылысқан жолдар үзілмейтін және олардың әрқайсысы бойынша тура қозғалатын автомобиль жолдарының торабы. Жолдардың маңыздылығы мен қозғалыстың қарқындылығына байланысты жолдардың қиылысуы бір немесе әртүрлі деңгейде орын алады.

2.2.112 Болашақ кезең: Қозғалыс аяқталғаннан кейін автомобиль жолының геометриялық элементтерінің көрсеткіштері белгіленетін қозғалыс жағдайындағы уақыт кезеңі.

2.2.113 Пикет: Аймақтағы тасжолды нивелирлеуге белгіленетін нүкте. Жеке алғанда, бір-бірінен 100 м арақашықтықта орналасқан «пикеттер» мен арақашықтығы 100 м артық немесе кем болатын «бөлшектенген пикеттер» болып бөлінеді.

2.2.114 Жолдың жобасы: Жол бойында орналасқан барлық ғимараттары бар жолдың көлденең проекциясы.

2.2.115 Тасжолдың жобасы: Жол осінің көлденең проекциясы. Тасжол жоспарының элементтері: түзу – тасжолдың басынан қисықтың басына дейін немесе бір қисықтың аяғынан келесі қисықтың басына дейін; бұрылыс бұрыштары; тұрақты және ауыспалы радиус қисықтары.

2.2.116 Қозғалыс жолағы: Көлік құралдарының бір қатармен қозғалуына арналған автомобиль жолының өтетін бөлігі.

2.2.117 Аймақтық жолақ: Өтпелі бөлікпен немесе бөліп тұратын жолақпен қатар орналасқан және көлік құралдары үнемі кіретін, өтпелі бөлік тәрізді жол қаптауы бар арнайы жолақ.

2.2.118 Ауыспалы жылдамдықты жолақ: Қозғалыстың негізгі жолағынан шығатын немесе оған кіретін автомобильдердің екпін алуын немесе тежелуін қамтамасыз ететін қозғалыстың қосымша жолағы.

2.2.119 Бөлу жолағы: Көлік ағындарын қозғалыстың бағыты немесе құрамы бойынша бөліп тұратын автомобиль жолының құрылымдық элементі.

2.2.120 Автомобиль жолының көлденең профилі: Жолдың жалпағынан, оның осіне перпендикуляр қиылысының бейнесі. Жобаланған жолдың көлденең профилі қос итаркалы – беткейді, жол осінін жер төсемінің жиегіне симметриялы түрде төмен болуы мүмкін, сыңар итаркалы – беткейді, жер төсемінің бір жиегінен екіншісіне қарай төмен болуы мүмкін.

2.2.121 Жолдардың түйісуі: Бір жолға бір немесе әртүрлі деңгейдегі, тура жалғаспайтын және осы торапта үзілетін екінші жол түйісетін автомобиль жолдарының торабы.

2.2.122 Жолдың бойлық профилі: Жобаланатын жолдың осі бойынша жер төсемінің бойлық немесе белгілері бар табиғи жер төсемі нүктелерінің және жобалы сызық нүктелерінің оған параллель түрде шартты бейнеленуі.

2.2.123 Өтпелі бөлік: Көлік құралдарының қозғалысына арналған автомобиль жолының негізгі элементі.

2.2.124 Ландшафттық жобалау: Жолдың өзара элементтерінің бірқалыпты түйісуін және жолдың қоршаған ортамен үйлесуін қамтамасыз ететін жолды жобалау әдістемесі. Болашақ бейнелерді жасау және салыстырмалы нұсқа модельдерін дайындау арқылы жүзеге асырылады.

2.2.125 Орау бойынша жобалау: Талап етілетін жұмыс белгілері мен беткейді сақтау кезінде аймақтың бедеріне тән жобалық сызықты жасау тәсілі.

2.2.126 Қима бойынша жобалау: Рельефтің ұсақ нысандарын кесудің және төмен жерлердегі үйіндіні салуға арналған топырақты пайдалану есебінен тасжолдың бірқалыптылығын және қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жобалы сызықты жасау тәсілі.

2.2.127 Жобадағы түзу: Тасжолдың басынан қисықтың басына дейінгі немесе қисықтың аяғынан кеелесі қисықтың басына дейінгі арақашықтық.

2.2.128 Бойлық профильдегі шығыңқы қисықтың радиусы: Шығыңқы қисықтың кез келген нүктесін басынан аяғына дейін шеңбердің ортасымен байланыстыратын қима. Шығыңқы қисықтың радиус қоймасын автомобиль жүргізушісі жол бетінің көрінетіндігін қамтамасыз ету жағдайында анықтайды.

2.2.129 Жобадағы қисық радиус: Вираж құрылғысының таза, ылғалды беті және өтпелі бөліктің кеңеюі кезінде есептік жылдамдығы бар автомобильдердің қауіпсіз қозғалысы қамтамасыз етілетін радиус.

2.2.130 Тасжолдың дамуы: Бойлық беткейді төмендету мақсатында екі нүктенің арасындағы тасжолды ұзарту.

2.2.131 Есептік қарсы автомобильдің көріну арақашықтығы: Қозғалыстың бір жолағымен бір-біріне қарама-қарсы есептік жылдамдықпен келе жатқан екі автомобильдің толық тоқтауына қажет арақашықтық.

2.2.132 Есептік аялдау үшін көріну арақашықтығы: H = 0,2 м биіктікте жатқан, есептік жылдамдықпен келе жатқан автомобильдің толық тоқтауына жеткілікті көрінетін арақашықтық.

2.2.133 Көріну арақашықтығы: Жүргізушінің жұмыс орнынан қозғалыс бағытындағы жолдың және басқа да заттардың құрылымдық элементтері анық көрінетін, соған қарай тиісті жолақпен көлік құралын жүргізуге мүмкіндік беретін көлік құралының алдыңғы бөлігінен басталатын арақашықтық.

2.2.134 Қозғалыстың есептік қарқындылығы: Болашақ кезеңнің соңғы жылындағы қозғалыстың орташа жылдық, тәуліктік қарқындылығы. Экономикалық іздеу мәліметтерінің негізінде қозғалыстың есептік қарқындылығын екі бағытта бірдей жинақтап қабылдайды.

2.2.135 Серпантин: Жобада сүйір бұрышта ұштасатын екі бағыттың арасындағы тасжол бұрылысы бұрышының ішкі жағынан сипатталатын қисық түрі. Таулы аймақтардағы тасжолды дамыту телімдерінің құламалы беткейлі жерлерге жол салып жатқанда қолданылады.

2.2.136 Қисықтың ығысуы: Ауыспалы қисық келгеннен кейін қисықтың ығысатын арақашықтығы.

2.2.137 Қисық тангенсі: Тасжол бұрылысының жоғарғы бұрышын сол бұрылыстың басымен немесе аяғымен байланыстыратын түзудің қимасы.

2.2.138 Көлік торабы: Көлік ағындарының әртүрлі бағыттағы үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ететін жол қиылыстарындағы инженерлік ғимарат (немесе ғимараттар кешені). Екі немесе бірнеше деңгейде орналасады.

2.2.139 Жол тасжолы: Көлбеу (жоба) және тік (бойлық профиль) проекцияларымен анықталатын кеңістіктегі автомобиль жолының геометриялық осінің қалпы.

2.2.140 Клотоидты тасжол салу: Домалақты және ауыспалы қисықты түйістіретін жол тасжолының қалпы.

2.2.141 Тасжол салу: Топографиялық, геологиялық, гидрологиялық және климаттық жағдайларды есепке ала отырып, тиімді пайдалану, құрылыс-технологиялық, экономикалық және эстетикалық талаптарға сәйкес белгіленген пункттер аралығындағы автожол тасжолының қалпы.

2.2.142 Жаяужол: Жаяу жүргіншілердің қозғалысына арналған автомобиль жолының элементі.

2.2.143 Тасжол бұрылысының бұрышы: Жобадағы тасжол бағытының өзгеруі. Бұрылыс бұрышын тасжол бағытының ұзақтығы мен оның жаңа бағытының аралығында өлшейді.

2.2.144 Көлденең еңіс: Жол құрылымының (жер төсемі, жол қаптауының қабаттары) қандай да бір элементінің бетінің жол осіне перпендикуляр бағытта өлшенетін көлденең деңгейінен ауытқуы.

2.2.145 Бойлық еңіс: Жобалық сызықтың бойлық бағыттағы көлденеңнен ауытқуы. Бойлық профильді жобалау кезінде қабылданған анағұрлым жоғары бойлық еңісте, шекті еңісте құрылыс құны, көлік шығыны мен қозғалыс қауіпсіздігі орынды үйлесуді қамтамасыз етеді.

2.2.146 Жүргінші бөліктің кеңеюі: Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған жолдың жеке бөліктеріндегі жүргінші жолының енін кеңейту (қисықтарда – төменгі радиус жобасында, иілген қисықтарда – бойлық профильде, бойлық еңістерінің көлемі әртүрлі түйіскен жерлер, бойлық еңістері үлкен созылыңқы өрлер, бір жолақты жолда разъезд құрылғысы кезінде және т.б.).

2.3 Жер төсемі

2.3.147 Берма: Құлама жарда жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде құламаның жалпы тұрақтылығы мен машиналардың беткей және өтпелі жолын арттыру мақсатында беткей үйіндінің немесе шұңқырдың беткі қабатына жүргізілетін алаң.

2.3.148 Бүйірлі жүктеу: Үйіндінің астындағы әлсіз табаннан топырақтың бүйірлі тебіндеуін және сығылып шықпауын болдырмау мақсатында үйіндінің төменгі жағына жасалатын топырақты призмалар.

2.3.149 Тік құмдық кәріздер: Жүктемемен үйіндінің әлсіз табанына түскен салмақты шоғырландыру үдерісін жылдамдатуға қажет құбырлы тік элементтерден жасалған құрылым.

2.3.150 Жер төсемінің жоғарғы бөлігі (жұмыс қабаты): Биіктігі, жабындының жоғарғы жағынан санағанда тону тереңдігі 2/3 тең, бірақ 1,5 м кем емес төменгі тереңдігі шектелген аймақ; жұмыс қабатына шұңқыр, белгілері бар жерлер немесе төменгі

үйінділерден құрылымы бұзылмаған табиғи жерлерден топырақтың түсуі мүмкін.

2.3.151 Қалқыма су: Жергілікті және тұрақсыз сипатқа ие, сүзгіден әлсіз өткізетін немесе су өткізбейтін топырақтың линзасына жиналатын топырақты су.

2.3.152 Уақытша жүктеу: Табанға түскен жүктеменің шөгіндісін және шөгіндінің жобалық шамасына қол жеткізгеннен кейін алынатын шөгіндіні арттыру мақсатында үйіндінің жобалық белгісінен жоғары үйілетін топырақтың қосымша қабаты.

2.3.153 Шұңқыр: Топырақтың қалыңдығында құрастырылатын белгіленген геометриялық өлшемдермен ашық әзірлеме күйіндегі жер төсемінің құрылымы.

2.3.154 Терең шұңқыр: Жер төсемінің осі бойынша топырақтың беткі бетінен жол қаптауының төменгі жағына дейінгі арақашықтық.

Шұңқыр беткейінің биіктігі шұңқырдың жоғарғы және төменгі беткей жиектемесіндегі белгілердің әртүрлілігімен анықталады. Тау баурайы болған жағдайда – жоғарғы беткейдің жиектеме белгілерінің әртүрлілігімен анықталады.

2.3.155 Топырақтың қалыңдығы: Жобада және тілікте геометриялық өлшемдері бар топырақтан құралған табиғи немесе техногенді сілем.

2.3.156 Топырақты су: Беткі қабаттан кейінгі жерасты суы.

2.3.157 Топырақты қада-кәріздер: Тығыз құммен немесе ірі кесекті кәріздеу материалымен толтырылған тік ұңғыма күйіндегі геотехникалық құрылым.

2.3.158 Жол-климаттық тұрғыдан ауданға бөлу: Ауа райы-климаттық факторлардың әсерінен жер төсемі мен жол қаптауының жұмыс жағдайының сақталу шегінде мемлекет территориясының зоналарға бөлінуі.

2.3.159 Кәріз: Жерасты және беткі қабаттағы суларды алуға және бұруға арналған геотехникалық құрылым.

2.3.160 Жер төсемінің су-жылу режимі: Жер төсемінің жол-климаттық аймаққа және жергілікті жағдайларға тән беткі қабаттарындағы топырақтың бір жыл ішіндегі ылғалдылығының және температурасының өзгеру заңдылығы.

2.3.161 Жер төсемінің су-жылу режимін реттеу: Жер төсемінің беткі қабатындағы ылғалдылықты төмендетуге және аязды мамықтауын арттыруға бағытталған шаралар жүйесі.

2.3.162 Жер төсемі: Жол қаптауын, сондай-ақ жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары мен автомобиль жолын орналастыруға негіз болатын құрылымдық элемент.

2.3.163 Кавальер: Үйінділерді салу үшін қандай да бір белгілері бойынша пайдаланылмайтын шұңқырдың топырағынан құрастырылған, дұрыс пішіндегі үйінді күйіндегі геотехникалық құрылыс.

2.3.164 Жыра: Беткі беттен суды жинауға және бұруға арналған геотехникалық құрылыс.

2.3.165 Каптаж: Жерасты суын жинау, ағызу және ғимараттан бұру мақсатында оның шұңқырдың немесе беткейдің бетіне шығуына арналған арнайы құрылғы.

2.3.166 Топырақ карьері: Жер төсемінің құрылысы үшін пайдаланылатын топырақ әзірленетін жер телімі. Бүйірлі резервтерге қарағанда карьер терең және жер төсемінен жойылған.

2.3.167 Алдын ала шоғырландыру: Табанды шоғырландырудың жылдамдығына сәйкес есеп бойынша тағайындалатын, баяу режимде үйінді салынатын оның әлсіз табанының тұрақтылығын қамтамасыз ету тәсілі.

2.3.168 Контрбанкет: Беткейдің тұрақтылығын арттыратын оған тікелей түйіскен қандай да бір ені кең үйінді қалпындағы геотехникалық құрылыс.

2.3.169 Кювет: Жер төсемінің табаны бойына тікелей орналасқан су бұрушы жыра.

2.3.170 Науа: Жауын уақытында және қар ерігенде жол бойында ағатын суды бұруға арналған тереңдігі орташа үшбұрышты көлденең кесіндісі бар бүйірлі жыра.

2.3.171 Үйіндінің табанындағы қауіпсіз жүктеме: Табанында шекті тепе-теңдік аймағы болмайтын үйіндіден түскен ең жоғарғы жүктеме.

2.3.172 Үйінді табанындағы шекті жүктеме: Құрылыс нормалары табанның топырағындағы бүйірлі тебіндеу критерийлері бойынша оған түсірілетін үйіндінің ең жоғарғы жүктемесі.

2.3.173 Қызылсу мұзы: Бетке шығар кезде жерасты суы қатып қалатын суландырылған топырақтағы криогенді үдерістердің нәтижесі.

2.3.174 Үйіндінің биіктігі: Жол осі бойындағы жер бетінен жер төсемінің жиектеме сызығына дейінгі өлшенген арақашықтық.

2.3.175 Үйіндінің әлсіз табаны: Белсенді аймақ шегінде қуаттылығы 0,5 м кем емес әлсіз топырақ қабаттары бар (жертезек, балшық, жанар зат, қоймалжыңы 0,5 кем емес коэффициенті бар сазды топырақ, нольдей балшығы, дымқыл сортаң топырақ) үйінділердің табандары әлсіздердің қатарына жатады.

2.3.176 Табан үйіндісі: Үйіндінің жоғарғы жағы.

2.3.177 Өзектің үйіндісі: Жоғарғы жағынан жұмыс қабатының төменгі шекарасымен, төменгі жағынан үйіндінің табанымен, жан-жағынан жер төсемінің жиектемесі арқылы өткізілген тік сызықтармен шектелген үйіндінің бөлігі.

2.3.178 Үйіндінің су деңгейінен көтерілуі: Төменгі бөлігі үнемі немесе уақытша судың бетінен төменгі деңгейде болатын үйінді.

2.3.179 Сүзгілейтін үйінді: Жердегі топырақ себілген жер төсемінің жоғарғы бөлігін қатты ылғалданудан сақтау үшін ұзақ уақыт бойы су деңгейі көтерілген аймақтағы сүзгі топырағынан төгілген үйінді. Жер төсемінің табанындағы судың аздаған шығынын өткізуге арналған.

2.3.180 Үйінді: Табиғи немесе техногенді топырақты әртүрлі тәсілдермен салу және тығыздау арқылы олардан құралатын белгілі конфигурациясы бар геотехникалық құрылыс.

2.3.181 Модуль шөгіндісі: Одометр жағдайында белгіленген жүктеме кезінде салыстырмалы сығу деформациясының шамасына тең топырақтың сығылу сипаты; мм/м өлшенеді.

2.3.182 Белсенді аймақтағы үйіндінің табаны: Шөгінді мен үйіндінің тұрақтылығын болжау кезінде есепке алынатын табан қалыңдығының қуаттылығы.

2.3.183 Үйіндінің қабілетті табаны: Табанның бүйірлі тебіндеуі және сығылуы нысанында қирамай, төзетін үйіндінің ең жоғарғы шамасы.

2.3.184 Шөгінді үйіндісінің табаны: Үйіндінің салмағынан түскен жүктемеден немесе қалыңдықтың бірігуінен болған жағдай өзгерген кезде табанның топырағының шоғырлануы салдарынан табанның үгітіндісінің айтарлықтай баяу және бірқалыпсыз орын ауыстыруы.

2.3.185 Үйіндінің табанын орнықтыру: Табандағы орнықтырылған топырақты жібітумен немесе топырақтың аязды қалыңдығының құрамындағы орнықтырылған топырақты ерітумен байланысты шұғыл бірқалыпсыз тік деформация.

2.3.186 Жер төсемінің беткейі: Жолдың жиегін жол үсті жолағының үстімен түйістіретін жер төсемінің бүйірлі құламалы беті.

2.3.187 Беткейдің биіктігі: Үйінді беткейінің биіктігі беткейдің жоғарғы және төменгі жиектемесінің әртүрлілігімен анықталады. Тау баурайы болған жағдайда беткейдің биіктігі төменгі беткейдің жоғарғы және төменгі жиектемелеріндегі белгілердің әртүрлілігімен анықталады.

2.3.188 Беткей салу: Көлденең жазықтықта беткей құрайтын проекцияның ұзындығы.

2.3.189 Беткейдің құламалығы: Беткей бетінің көлденең жазықтыққа қарай иілуі. Әдетте, беткей биіктігінің оның құламалығына қатынасы күйінде көрініс табады.

2.3.190 Беткей бөлігі: Үйіндіде – беткей беті мен жер төсемінің жиектемесі арқылы өтетін көлденең жазықтық арасындағы үйіндінің бөлігі.

2.3.191 Жер төсемінің беті: Жер төсемі жиектемелерінің арасындағы арақашықтық; бұл арақашықтыққа орталық бөлу жолағы, өтпелі жол, бүйірлі бөлу жолақтары, жолдың жиегі енеді.

2.3.192 Тірек қабырға: Көлбеу немесе аса құламалы беткейлерді қамтамасыз етуге арналған геотехникалық құрылым.

2.3.193 Уақытша су деңгейінің көтерілуі: Жоғарғы су деңгейі 30 тәуліктен аспайтын уақытта сақталатын үйіндінің су деңгейінен көтерілуі.

2.3.194 Арматураланған жұқа қабат: Созылыңқы кернеуді қабылдауға қабілетті дискретті материалдан тұратын жер төсеміндегі немесе құрылымдық қабаттағы жұқа қабат.

2.3.195 Геотекстильді жұқа қабат: Геотекстильден дайындалған жер төсеміндегі немесе жол қаптауы құрылымындағы жұқа қабат. Арматураланған, кәрізді, капиллярлы үзілетін, қорғаныс жұқа қабаттары деген түрлері бар.

2.3.196 Гидрооқшаулағыш жұқа қабат: Судың өтіп кетуін болдырмауға арналған жұқа қабат.

2.3.197 Капиллярлы үзілетін жұқа қабат: Құрылымға капиллярлы судың өтіп кетпеуіне арналған жұқа қабат.

2.3.198 Термооқшаулағыш жұқа қабат: Жер төсемінің температуралық режимін реттеуге арналған термооқшаулағыш материалдан жасалған жұқа қабат.

2.3.199 Тасқынға қарсы галерея: Тасқынға қауіпті жерлерде орналастырылған және жолды тасқыннан және тасқынның галерея шатырына өтіп кетуінен қорғайтын геотехникалық ғимарат.

2.3.200 Шөгуге қарсы ғимарат: Топырақ массивінің шөгуге қарсы тұрақтылығын арттыратын инженерлік ғимарат. Шөгінді массивпен өзараәрекеттесу принципі бойынша тұтқыр және тірек ғимараттар болып бөлінеді.

2.3.201 Селге қарсы ғимарат: Сел ағынын ұстап тұруға немесе бағыттауға арналған геотехникалық ғимарат.

2.3.202 Беріктік көрсеткіштері: Кез келген шиеленіскен жағдайда беріктікті сипаттауға көмектесетін механикалық сипаттамалар. Топырақтың сипаттамасы ішкі үйкеліс бұрышы φ мен тіркесу С болып табылады.

2.3.203 Тоңудың есептік тереңдігі: Құрылыс нормаларымен белгіленетін, белгіленген ықтималдылықпен анықталатын топырақ қалыңдығының немесе жол құрылымының (жол қаптауы және жер төсемі) шекті тоңу тереңдігі.

2.3.204 Топырақты судың есептік деңгейі: Құрылыс нормаларымен белгіленетін, белгіленген ықтималдылықпен анықталатын, есептеу кезінде назарға алынатын ең жоғарғы деңгейдегі топырақты су.

2.3.205 Беткі қабаттағы судың есептік деңгейі: Құрылыс нормаларымен белгіленетін, белгіленген ықтималдылықпен анықталатын, есептеу кезінде назарға алынатын ең жоғарғы деңгейдегі беткі қабаттағы су.

2.3.206 Резерв: Қазу тереңдігі 1,5 м аспайтын үйінді ғимаратына арналған топырақ дайындалатын жол төсемінің маңындағы орын.

2.3.207 Сел сымы: Жолға перпендикуляр бағытта қозғалып келе жатқан сел ағынын өткізуге арналған селден қорғайтын құрылым.

2.3.208 Түзеу қабаты: Беткі қабаттың жазықтығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге арналған ірі кесекті топырақтан жасалған үйінді құрылысы кезінде орнатылатын арнайы қабат.

2.3.209 Ылғалдылық шарттары бойынша аймақ түрлері: Аймақ түрлері ылғалдылық шарттары бойынша топырақтың жоғарғы қалыңдығын табиғи қалпында

сипаттайды. Үш түрі бар:

1 түрі – терең топырақты суы бар және беткі қабатты ағынмен қамтамасыз етілген жерлер;

2 түрі - терең топырақты суы бар, бірақ беткі қабатты ағынмен қамтамасыз етілмеген жерлер;

3 түрі – топырақты суға жақын деңгейдегі немесе беткі қабаттағы суда ұзақ уақыт бойы тұрған жерлер.

2.3.210 Байқау тығыздығы: Қабаттың қалыңдығы, тығыздауыш машиналардың өткел санын және т.б. нақтылау кезіндегі тығыздау технологиясын жөндеу тәсілдері.

2.3.211 Салыстырмалы тығыздау коэффициенті: Үйіндідегі құрғақ топырақ тығыздығының резерв немесе карьер тығыздығына қатынасы. Жер жұмыстарының көлемін анықтау кезінде қолданылады.

2.3.212 Стандартты тығыздау әдісі (Союздорн әдісі): Топырақтың ең жоғарғы тығыздық мәнін және тиімді ылғалдылық мәнін алуға арналған және топырақтың бүйірлі кеңеюі мүмкін емес жағдайда стандартты жүктемелі топырақтың әр қабатын тығыздалатын топырақты зертханалық сынау әдісі.

2.3.213 Жер төсемінің кеңдігі: Жиектемелер арасындағы арақашықтық, жол категориясына қарай нормаланады. Жер төсемінің еніне өткелдің, жиектемелердің, бекітілген жолақтар мен бөлу жолақтарының ені енеді.

2.4 Жол қаптауы

2.4.214 Жол қаптауы: Автокөлік құралдарынан түскен жүктемені қабылдап, оны топыраққа беретін автомобиль жолының өткел жолы шегіндегі көп қабатты құрылым.

2.4.215 Қатты жол қаптауы: Жабындысы немесе цемент бетон немесе темір бетон негізіндегі жол қаптауы, оның қаттылығы жол қаптауында қолданылатын басқа да материалдардың қаттылығынан бірнеше есе артық.

2.4.216 Жол қаптауының классификациясы: Жол қаптауының беріктілік, жұмысқа қабілеттілігінің сипатталуы тұрғысынан алғанда жол қаптауының топтарға бөлінуі.

2.4.217 Қатты емес жол қаптауы: Қабаттары асфальт бетонның бірнеше түрінен, битуммен, цементпен, әкпен бекітілген кешенді және басқа да тұтқыр материалдардан, сондай-ақ әлсіз байланған қиыршықты материалдардан жасалған жол қаптауы.

2.4.218 Ең төменгі жол қаптауы: Қиыршық тас (ірі құм)-құм қоспаларынан, беріктігі орташа тас материалдары мен қождан; бекітілген немесе әртүрлі материалдармен жақсартылған топырақтан жасалған жол қаптауы.

2.4.219 Жеңілдетілген жол қаптауы: Жұмысқа қабілетті, берік және өтпелі жол қаптауының арасындағы аралық орынға ие жетілдірілген жабындысы бар жол қаптауы.

2.4.220 Өтпелі жол қаптауы: Жұмысқа қабілетті, тұтқырлықты пайдаланбай қағу тәсілі бойынша мықты қождан, тұтқыр затпен өңделген топырақ және беріктігі орташа тас материалдарынан, жұмыр тастан және уатылған тастан дайындалған жеңілдетілген және ең төмен жол қаптауының арасындағы аралық жол қаптауы.

2.4.221 Деформацияланған сипаттамасы бар жол қаптауы: Жүктеменің әсерінен деформацияланатын жол қаптауының немесе оның жеке қабаттарының қабілеттілігін сипаттайтын көрсеткіштер. Тығыз деформация кезінде негізгі көрсеткіш тығыздық модулі, тығыз-пластикалықта деформация модулі, тұтқыр деформацияда – тұтқырлықтың кедергі коэффициенті болып табылады.

2.4.222 Жол қаптауының сенімділік коэффициенті: Жол қаптауының қызмет мерзімінің соңына қарай талап ететін беріктігін қамтамасыз ету ықтималдылығын сипаттайтын көрсеткіші. Сандық жағынан белгілі бір телімдегі жол қаптауының бойлық берік телімдеріндегі қатынасқа тең.

2.4.223 Жол қаптауының беріктік коэффициенті: Беріктіктің нақты модулінің оның есептік мәніне қатынасымен анықталатын жол қаптауы құрылымының беріктігінің сапалы бағасының көрсеткіші.

2.4.224 Жол қаптауы қабатының беріктік модулі: Қабаттардың деформация, қолданыстағы сығылу кернеуінің бүйірлері еркін кеңейген жағдайда туынды немесе салыстырмалы беріктік деформациясының қатынасына тең беріктік тәрізді механикалық қасиеттерін сипаттайтын көрсеткіш.

2.4.225 Жол қаптауының аязға төзуі: Жол қаптауының барлық түрлерінің жер төсемінің топырағы бірқалыпты кепкен жағдайда біркелкіліктің бұзылуына қарсы тұрақтылығы.

2.4.226 Жол қаптауының жалпы беріктік модулі: Есептік автомобильдің дөңгелек белгілеріне сәйкес штамптың белгіленген сипаттамалары кезіндегі оның штампты жүктемесінің сынақ нәтижелері бойынша есептелген барлық құрылым беріктігінің шартты модулі.

2.4.227 Жол қаптауының бу өтпейтін жұқа қабаты: Іс жүзінде судың буын өткізбейтін жол қаптауының жұқа қабаты.

2.4.228 Жол қаптауының беріктігі: Қалдық деформацияның белгіленген шекті қарқынды жинақталуы бар ылғалдылықтың есептік жағдайында автомобиль өткелдерінің белгіленген санының әсерін қабылдау қабілеттілігі.

2.4.229 Жол қаптауының мамықталуы: Тоңу аймағында капиллярлар мен қабықшаларды тарту арқылы, сондай-ақ қары еріген аймақтардан бу күйінде жинақталатын ылғалдың тоңу себебінен жол қаптауы бетінің бірқалыпсыз көтерілуі.

2.4.230 Қосымша қабық: Жол қаптауы (кәрізді, аяздан қорғайтын және т.б.) қабаттарының қызметін қорғауды жүзеге асыратын табанның құрылымдық қабаты. Жол қаптауының беріктігін есептеген кезде есепке алынады.

2.4.231 Жол қаптауы қабаттарының әлсіз байланысқан материалдары: Бөлшектері өзара айқын байланыспаған материалдар, оның салдарынан жол қаптауы қабаттары созылу кедергісіне ұшырамайды.

2.4.232 Жол қаптауы қабаттарының әлсіз байланыспаған материалдары: Бөлшектері өзара байланыспаған материалдар. Жол практикасында оларды әлсіз байланысқан материалдар жиі ортақтастырады.

2.4.233 Жол қаптауының жылу оқшаулағыш қабаттары: Жылу өткізгіштігі орташа материалдардан жасалған табанның қосымша қабаттары.

2.4.234 Негізгі жол қаптаулары: Жұмысқа қабілеттілігі анағұрлым жоғары (беріктігі, сенімділігі жоғары, ұзақ уақытқа төзімді және т.б.) жол қаптауы. Оларға цемент бетон және асфальт бетон (I және II маркалы) жабындылары бар жол қаптауы жатады.

2.4.235 Кәрізді қабат: Судың жоғарыдан немесе төменнен ену салдарынан жер төсемінің жоғарғы бөлігіне жиналатын суды жинауға және бұруға арналған жол қаптауының құрылымдық қабаты.

2.4.236 Жол қаптауының беріктік коэффициенті: Жол қаптауының нақты беріктік модулінің қозғалыс жағдайы бойынша талап етілетін модуліне қатынасы.

2.4.237 Құрылымдық қабат: Біртекті материалдардан тұратын және көршілес қабаттардан материал түрімен, оның беріктігімен және құрамымен ерекшеленетін жол қаптауының әрбір қабаты.

2.4.238 Аяздан қорғайтын қабат: Жағымсыз температураның әсерінен жер төсемі мен жол қаптауындағы топырақтың деформациясын болдырмау мақсатында мұздау кезіндегі мамықтану деформациясы 1 %-дан аспайтын материалдардан тұратын табанның қосымша қабаты.

2.4.239 Температуралық кернеу: Қоршаған ауа температурасының немесе басқа да температуралық факторлардың өзгеруі салдарынан жол қаптауының құрылымдық

қабаттарында пайда болатын кернеу.

2.4.240 Кернеу-деформацияланған жағдай: Жүктеме, қалау әрекетінің, ауыспалы температураның немесе осы факторлардың бірлескен әрекетінің әсерінен жүйенің кез келген нүктесіндегі кернеумен және деформациялармен сипатталатын жүйе жағдайы (мысалы, жол қаптауы).

2.4.241 Жол табаны: Жол қаптауының төменгі, қабылдағыш қабаты.

2.4.242 Құрама темір бетон табаны: Құрама темір бетон тақталардан жасалатын табан.

2.4.243 Цемент бетон табаны: Монолитті немесе құрама цемент бетоннан жасалған табан.

2.4.244 Қиыршық тас табаны: Өлшемдері әртүрлі (қатардағы қиыршық тас) немесе қағу тәсілімен жасалған сұрыпты (фракциялық) қиыршық тастан тұратын, қиыршық тас қоспаларынан тұратын табан.

2.4.245 Құрама жол тақтасы: Арнайы технология бойынша темір бетон бұйымдарының зауытында немесе полигондарында дайындалған құрама жол жабындысының немесе табанының құрылғысына арналған тақта.

2.4.246 Жік астындағы бетон тақта: Жапсар желілерін күшейтуге арналған цемент бетон жабындысының көлденең жіктерінің астына салынатын бетон тақтасы.

2.4.247 Төселінетін топырақ: Жол қаптауының астына тікелей орналасқан жер төсемінің жұмыс қабатындағы топырағы. Төселінетін топырақтың қуаттылығы белсенді аймақтың көлемімен өлшенеді, онда іс жүзінде көлік жүктемесінен кернеу мен деформация тоқтайды.

2.4.248 Асфальт бетон жабындысы: Монолитті немесе құрама асфальт бетоннан жасалған жабынды.

2.4.249 Жетілдірілген жабынды: Цемент бетонды, асфальт бетонды жабынды және тұтқыр затпен өңделген материалдардан жасалған жабынды.

2.4.250 Цемент бетонды құрама жабынды: Зауыт жағдайында дайындалатын және арнайы монтажды құралдың көмегімен қаланатын бетон тақталарының кез келген түрінен (темір бетон, алдын ала кернеуленген, армабетонды) жасалған жабынды.

2.4.251 Монолитті цемент бетон жабындысы: Қалау және деформациялық жіктерді тілімдеудің негізінде дайындалған, содан кейін берікті жинау барысында күтім жасалған цемент бетон жабындысы.

2.4.252 Алдын ала кернеуленген цемент бетонды жабынды: Алдын ала кернеуленген арматура (қабыршақ, өзек және т.б.) немесе арматурасыз монолитті жабынды, онда сығылған кернеу арнайы құралдың көмегімен қатты бетонға беріледі.

2.4.253 Цемент бетон жабындысы: Монолитті немесе құрама цемент бетоннан жасалған жабынды.

2.4.254 Жол жабындысы: Көлік құралдарынан түскен жүктемені тікелей қабылдайтын және белгіленген пайдалану талаптарын қамтамасыз етуге және атмосфералық факторлардың әсерінен жолдың табанын қорғауға арналған жол табанына орнатылатын жол қаптауының бір немесе көп қабатты жоғарғы бөлігі.

2.4.255 Қара қиыршық тасты жабынды: Әртүрлі тәсілдермен органикалық тұтқыр затпен (битум, битум эмульсиясы, қарамай) өңделген қиыршық тастан жасалған жабынды.

2.4.256 Жолдың макро кедір-бұдыр жабындысы: Материалдардың жеке бөліктерінен құралған немесе беткі қабаттық өңдеудің немесе беткі қабаттық жабындыны арнайы әрлеудің негізінде пайда болған жабындысының беткі қабатындағы шығыңқы жерлер мен ойпаң жерлердің жиынтығы.

2.4.257 Жолдың микро кедір-бұдыр жабындысы: Жол жабындысының макро кедір-бұдырлығын құрайтын минералды материал түйірлерінің жеке кедір-бұдырлығы.

2.4.258 Жаңадан қаланған әрлеудің цемент бетон жабындысы: Тегістік, беткі

қабаттың тұйықталуы және кедір-бұдырлығы бойынша талап ететін сапалы тығыздаудан кейін беткі қабатқа цемент бетон жабындысына жаңадан қалау жасау бойынша технологиялық операция.

2.4.259 Беткі қабаттың кедір-бұдыр жабындысы: Шығыңқы қиыршық тастардың немесе автомобиль дөңгелегін жабындының беткі қабатымен түйісудің жоғарылауына әсер ететін жасанды кесілген атыздар есебінен жабындының бетінде болатын микро тегіссіздіктің болуымен және сипатымен шарттас қасиеті.

2.4.260 Есептік жүктеме: жол қаптауының құрылымын есептеу үшін қолданылатын автомобильдің жеке осіне түсетін шекті жүктеме.

2.4.261 Жол қаптауының шөгуге тұрақты қабаты: Қабат материалдарының шөгудің қалдық деформациясының қарқынды жиналуын еш бұзылусыз және рұқсат етілмейтін шөгу кернеуінің әсеріне төзу қабілеті.

2.4.262 Көлік құралын есептік жүктеуге әкелетін жалпы коэффициент: Ось аралық арақашықтықты есепке алатын көп осьті көлік құралдарының есептік жүктемесіне әкелетін коэффициент.

2.4.263 Жол қаптауының қабаттары аралығындағы түйісу: Қабаттардың өзара орын ауыстыруына кедергі келтіретін және белгілі бір деңгейде көлік жүктемесінің әсерімен бірлескен жұмыс қабатын қамтамасыз ететін қабаттар арасындағы байланыс.

2.4.264 Жабындының сызатқа тұрақтылығы: Көлік жүктемесінің және өзгермелі ауа райы-климаттық жағдайлардың әсерінен (атвомобиль жолдары жабындысының сенімділігін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі) сызаттың пайда болуына кедергі келтіретін жол жабындысының қабілеті.

2.4.265 Жік:

1) осьтердің бір бүтін тәрізді бірлескен жұмысын қамтамасыз ететін осьтердің бойындағы екі элементті байланыстыру;

2) температураның өзгеруі, бірқалыпсыз жауын-шашын, күштік әсерлер және т.б. салдарынан бір-біріне тәуелсіз орын ауыстыруды қамтамасыз ететін екі элементтің немесе ғимараттар бөлігінің арасындағы саңылау.

2.4.266 Деформацияланған көлденең жік: Цемент бетон жабындысының осіне перпендикуляр орналасқан және сызаттың өз еркімен пайда болуын немесе бойлық тұрақтылығын жоғалтуды ескерту үшін оны тақтаның бойымен мүшелейтін жік.

2.4.267 Бойлық деформациялық жік: Цеменет бетон жабындысының бойына және оған параллель орналасқан, бойлық сызаттардың пайда болуын ескертетін ені бойынша жабындыны мүшелейтін жік.

2.4.268 Деформациялық жік: Температура мен бетон ылғалдылығының өзгеру әсерінен тақталардың орнын ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін цемент бетон жабындысының немесе табанының жасанды жолмен жасалған құрылымдық элементі.

2.4.269 Беріктіктің балама модулі – беріктіктің жалпы модулі: Беріктіктің әртүрлі модульдері бар көпқабатты жүйе тәрізді берік бірыңғай (беріктік изотропты) қабат беріктігінің модулі. Көпқабатты жол қаптауын екіқабаттыға шамалау үшін қолданылады.

2.5 Көпірлер мен құбырлар

2.5.1 Жіктеу

2.5.1.270 Сужетек: Су таратқышы (құбыр, науа, арна) бар көпір қалпындағы құрылыс; су таратқышы қиылысқан жерлерде, жыра, сай, өзен, жолдың маңына салынады.

2.5.1.271 Балкон: Бір жағы тау бөктеріне түйіскен және жолдың кеңдігін қамтамасыз ететін тау жолындағы көпір құрылысы.

2.5.1.272 Виадук: Кедергінің түбіндегі өткелі жоғарғы деңгейде орналасқан терең жыра, сай, құрғақ аңғар, ойпат арқылы өтетін көпір құрылысы.

2.5.1.273 Қорғаныс галереясы: Көлік жолын тау тасынан, қарынан, жыныстарынан

қорғайтын жабындыға тірелетін тірек немесе қабырға қалпында жасалған тау жолындағы инженерлік құрылыс.

2.5.1.274 Көпір құрылысы: Табиғи немесе жасанды кедергілер арқылы жолды немесе басқа да коммуникацияларды өткізетін инженерлік құрылыс (көпір, жол өтпесі, эстакада және басқалары).

2.5.1.275 Көпір: су кедергісі арқылы өтетін көпір құрылысы.

2.5.1.276 Жол өтпесі: Әртүрлі деңгейде қиылысатын көлік ағындарын өткізуге арналған автомобиль немесе темір жолдағы көпір құрылысы.

2.5.1.277 Көпірдің паспорты: Көпірдің тарихы, құрылымы, қабілеттілігі мен жағдайы, өткізілген сынақтары және жөндеу жұмыстары туралы мәліметтерден тұратын құжат.

2.5.1.278 Селедук: Тау жолы арқылы сел ағынын өткізуге арналған көпір құрылысы.

2.5.1.279 Малды айдап өту: Жолдағы малды өткізуге арналған көпір құрылысы немесе тіктөртбұрышты құбыр.

2.5.1.280 Шағын жасанды құрылыс: 25 м дейінгі шағын көпір немесе су өткізетін құбыр.

2.5.1.281 Реттеу құрылысы: Көпірге жақындағанда және одан өткен кезде су ағынын реттеуге арналған су ағыны арқылы өтетін кешенге енетін инженерлік құрылыс.

2.5.1.282 Су өткізетін құбыр: Су ағынын өткелдің төменгі деңгейінен өткізуге арналған домалақ, сопақ немесе тіктөртбұрышты қиылысқан құрылыс.

2.5.1.283 Эстакада: Көпірдің астындағы кеңістікті әртүрлі мақсатта қолдану қажеттілігі кезінде үйіндінің орнына салынатын жан-жаққа шығатын көпір құрылысы.

2.5.2. Көпір құрылысы мен құбырларының элементтері

2.5.2.284 Бойлық арқалық: Осі көпірдің бойымен бағытталған, аралық құрылыстың немесе өткел құрылымының салмақ түсетін элементі.

2.5.2.285 Көлденең арқалық: Көпірге көлденең орналасқан, негізгі арқалық пен өткелдің бойлық арқалықтарының арасындағы жүктемені бөлуге арналған олардың мықты байланысы бар аралық құрылыстың салмақ түсетін элементі.

2.5.2.286 Негізгі арқалық: Арқалық көпірдің аралық құрылыстың бойына салмақ түсіретін негізгі элементі.

2.5.2.287 Көмекші арқалық: Басқа да бойлық арқалықтармен салыстырғанда биіктігі төмен және өткел тақтасының жұмысын жеңілдетуге арналған монолитті темір бетон аралық құрылыстың бойлық арқалығы.

2.5.2.288 Шеткі (қасбеттік) арқалық: Аралық құрылысты сыртта орналасқан бойлық арқалық.

2.5.2.289 Арқалықтың қаттылығы: Аралық құрылыстың қажетті қаттылығын қамтамасыз ететін аспалы, ванталы немесе аралас көпірдің бойлық элементі.

2.5.2.290 Аспалы арқалық: Бір немесе екі ұшы консоль-аспалы жүйе көпіріндегі консольға түйісетін аралық құрылыстың арқалығы.

2.5.2.291 Көпірдің биіктігі: Жабындының ең жоғарғы нүктесінен саба су деңгейіне дейінгі арақашықтық.

2.5.2.292 Өту биіктігі (биіктік габариті): Жол өткелінің астындағы жер деңгейінен, жоғарғы өткелден, рельс басынан оның астындағы төменгі шегінде орналасқан элементке дейінгі ең төменгі арақашықтық, бұл көлік құралдарының өту мүмкіндігін немесе шектеуін анықтайды.

2.5.2.293 Еркін биіктік: Көпір астындағы жоғарғы су деңгейінен немесе есептік кеме жүзетін деңгейден аралық құрылыстың төменгі жеріне дейінгі ең төменгі арақашықтық.

2.5.2.294 Құрылыс биіктігі: Аралықтың ортасында немесе тіреуінде өлшенетін

көпір құрылысындағы аралық құрылыстың төменгі жағынан ең жоғарғы нүктесіне дейінгі арақашықтық.

2.5.2.295 Көпір габариті: Өткелдің енінен, қауіпсіздік жолағынан, бөлу жолағынан және жүргінші жаяужолдан тұратын өткелдің осіне перпендикуляр арақашықтық.

2.5.2.296 Көпір астының габариті: Көпірдің аралық кеңістігінің шекара кескіні ішіндегі бағытына шекті, перпендикуляр, оның ішіне көпір құрылымының элементтері, навигациялық таңбаларды қоса алғанда оның астындағы құрылғылар кірмеуі тиіс.

2.5.2.297 Көпір құрылысы құрылымының жақындау габариті: Шекті көлбеу кескін (жазықтықта, өткелдің осіне перпендикуляр), оның ішіне көпір немесе басқа да құрылыстар, онда орналасқан құрылғылар, сондай-ақ қиылысатын инженерлік желілер мен коммуникациялар енбеуі тиіс.

2.5.2.298 Гидрооқшаулағыш: Салмақ түсіретін құрылымдарды беткі және топырақты сулардан қорғайтын құрылымдық элемент.

2.5.2.299 Ағысты бағыттайтын бөгет: Көпір асты саңылауындағы жағадағы судың немесе арнаны қалыптастыратын үйіндінің бірақалыпты ағуын қамтамасыз ететін және конус пен көпірді судың шайып кетуінен қорғайтын инженерлік құрылыс.

2.5.2.300 Құбырдың диаметрі: Домалақ құбыр түйініндегі саңылаудың ең үлкен өлшемі.

2.5.2.301 Диафрагма: Аралық құрылыстың тұрақтылығын және уақытша жүктеме күшінің бөлінуін қамтамасыз ету мақсатында орнатылатын аралық құрылыстың біріктірілген элементтерінің осіне перпендикуляр немесе оның бұрышында орналасқан табақ (болат көпірлерде) немесе қабырға.

2.5.2.302 Көпірдің ұзындығы: Екі шетінің ұшы арасындағы арақашықтық, олар болмаған жағдайда көпірдің тірек немесе аралық құрылыстың аралығы, бұл кезде өтпелі тақталардың ұзындығы есепке алынбайды.

2.5.2.303 Аралық құрылыстың ұзындығы: Аралық құрылыстың осімен өлшенген оның құрылымдық элементтерінің екі ұшы арасындағы арақашықтығы.

2.5.2.304 Құбырдың ұзындығы: Кіріс және шығыс жақтауының сыртқы шектері арасындағы өлшем.

2.5.2.305 Қайта құю: Тіреудің кері қабырғаларының арасында орналасқан үйіндінің бір бөлігі.

2.5.2.306 Құбыр түйіні: Құбыр денесінің бір бөлігі болып табылатын, тұйық көлбеу қималы құрама құбыр құрылымының негізгі элементі.

2.5.2.307 Көпірдің аяғы: Тіректің немесе тіректің басқа да көзге көрінетін құрылымдық элементтерінің немесе көпір осінен аралық құрылыстың шеттерін байланыстыратын сызықтың ең соңғы қиылысу нүктесі.

2.5.2.308 Түсірілмелі құдық: Құдықтың ішкі жағынан және қабырғаларының астынан топырақты алу кезіндегі жеке салмағының әсерінен топыраққа түсетін жартылай, көлбеу байланысатын тұйық құрылымды (темір бетоннан жасалған) көрсететін терең толтырылған тірек іргетасы.

2.5.2.309 Үйіндінің конусы: Көпір құрылысының тіреуіне тікелей түйіскен кескі шошақ қалпындағы үйіндінің бір бөлігі.

2.5.2.310 Құбыр науасы: Судың кедергісіз ағуын қамтамасыз ететін құбырдың көлбеу қимасының төменгі бөлігі немесе құбырдағы арнайы жасалған даярлық.

2.5.2.311 Саптама: Қада немесе діңгек ұштарының беткі қабаттарын біріктіретін қада немесе діңгек тіректің элементі.

2.5.2.312 Көпірдің басталуы: Өтпелі тақталарды есепке алмай, тіректің немесе тіректің басқа да көзге көрінетін элементтерінің немесе аралық құрылыстың ұштарын көпірдің осімен байланыстыратын қима сызықтық нүктеден бастап километрмен санағанда біріншісі.

2.5.2.313 Нормативті жүктеме АК: Көпірдегі орналасу сызбасы және көпір құрылысын жобалауда қабылданған автомобильді пойыздар мен автомобильдерден түскен нормативті тік жүктемесінің түрі.

2.5.2.314 Нормативті жүктеме НГ: Бұл жеке жыланбауыр жүктеме тәрізді.

2.5.2.315 Нормативті жүктеме НК: Бұл жеке дөңгелек жүктеме тәрізді.

2.5.2.316 Тіректің жақтауы: Ең жоғарғы қалыңдық, ереже бойынша, тірек бөліктерді орнату және аралық құрылыстың тірек қысымын тікелей қабылдау үшін қызымет ететін көпір тірегінің арматураланған бөлігі.

2.5.2.317 Құбырдың жақтауы: Құбыр денесін құрылымдық тұрғыдан тұйықтайтын, құбырдың ұштарындағы үйіндінің беткейін ұстап тұратын және су ағынының құбырға кіруіне және одан шығуына қажетті жағдайды қамтамасыз ететін шеткі элемент.

2.5.2.318 Қоршау: Көлік құралдарының тік құламасының алдын алуға және қоршауға кіру кезінде қозғалыс траекториясын түзеуге арналған міну төсемінің шекарасына орнатылатын көпір төсемінің құрылымдық элементі.

2.5.2.319 Міну төсемінің киімі: Жобалық профильді, тегістікті, сондай-ақ аралық құрылыстың элементтерін судың кіруінен қорғауды қамтамасыз ететін міну төсемінің шегіндегі аралық құрылысына төселетін элементтер жиынтығы.

2.5.2.320 Тірек: Аралық құрылысты ұстап тұратын және ондағы жүктемені табанға түсіретін көпір құрылысының салмақ түсіретін элементі.

2.5.2.321 Тірек бөлігі: Аралық құрылыстың тірек қысымын тірекке түсіретін және аралық құрылыстың бұрыштық және сызықтық не болмаса бұрыштық орын ауыстыруын ғана қамтамасыз ететін көпірдің элементі.

2.5.2.322 Табиғи табан: Көпір тірегінің іргетас құрылғысына табан ретінде пайдаланылатын айтарлықтай берік табиғи топырақ.

2.5.2.323 Қада табан: Әлсіз топырақ жатқан жерлерде қадалардың салмақ түсіру қабілеттілігі арттырылатын тіректің табаны.

2.5.2.324 Тіректің табаны: Көпір тірегінің іргетасы астындағы табиғи немесе жасанды топырақ.

2.5.2.325 Көпір осі: Жолдық немесе бөлу жолағының өтпелі бөлік осіне сәйкес келетін, оған қатысты жобадағы немесе профильдегі көпірдің қалпын және конфигурациясын орнататын сызық.

2.5.2.326 Аралық құрылыстың осі: Жобадағы аралық құрылыстың қалпы мен конфигурациясы орнатылатын сызық.

2.5.2.327 Бүйірлі бөлік (тіреудің бүйірлері): Іргетасы жоқ және кіреберіс үйінділеріндегі топырақты ұстап тұру қызметін атқаратын тіреудің консольді элементі.

2.5.2.328 Пандус: Құламалары бекітілген немесе тірек бүйірлерінде үйінді немесе беткей күйінде жасалған қала көпірлеріне, жол өткелдеріне және туннельдерге кіреберіс жерлердегі жолдың жайпауыт беткей бөлігі.

2.5.2.329 Паром өткелі: Жағадағы кеме аялдайтын орын, өткел және паром жолдарынан тұратын су кедергісі арқылы өтетін құрылыстар мен техникалық құралдар кешені.

2.5.2.330 Қотарылатын үйінді: Су тасқынындағы қозғалыстың мүмкін үзілістері есебінен алғанда дүркін-дүркін су басатын, судың шайып кетуінен қорғайтын үйінді.

2.5.2.331 Көпірдің сүйеніші: Жаяужолдағы қоршалған құрылғы.

2.5.2.332 Өткелдің тақтасы: Көпір төсемінің көлік құралдарынан, жаяу жүргіншілерден және элементтерден түсетін жүктемені тікелей қабылдайтын құрылыстың темір бетон, болат немесе ағаш элементі.

2.5.2.333 Өткел тақтасы: Бір ұшы құрылыстың тіреу бүйіріне немесе колсоліне, екіншісі – кіреберіс үйіндісіндегі көлденең шабаққа немесе қиыршық тас жастығына тірелетін темір бетон тақтасы күйіндегі көпірдің байланысқан элементі.

2.5.2.334 Көпірдің пайдалы ауданы: Көлік құралдарының және жаяу жүргіншілердің қозғалысына арналған, пайдалы енінің оның ұзындығына көбейту нәтижесіне тең көпірдің толық ауданы.

2.5.2.335 Подферменник тақтасы: Тірек бөліктерді орнатуға арналған және бойлық құрылыстың тірек денесіне келтіретін қысымын бөлетін, подферменник тақтасына тастан немесе темір бетон шығыңқы жері күйінде жасалған көпір тірегінің ең жоғарғы бөлігіндегі элемент.

2.5.2.336 Көпірдің кіреберісі: Су ағынының қирату әсерінен бекітілген, су тасқынында дүркін-дүркін су басатын үйінді күйінде жасалған көпірге түйіскен жолдың бөлігі.

2.5.2.337 Қауіпсіздік жолағы: Өткелдің жиегі және қоршауы немесе дөңгелек шой балға діңгегі аралығында орналасқан және есептік жылдамдығымен автомобильдің қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуге арналған жолақ.

2.5.2.338 Оқшаулау жолағы: Көпірдің өткелінен көмкермемен бөлінген трамвай жолдарының астындағы төсем.

2.5.2.339 Көпір төсемі: Көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің қозғалыс қауіпсіздігінің нормативті жағдайын, сондай-ақ көпір жабындысының беткі қабатындағы суды бөлуді және кіреберіспен байланысуды қамтамасыз етуге арналған құрылыста орнатылған барлық элементтер жиынтығы. Оған жүру төсемі, жаяужол, қоршау құрылғылары, су бұрғышқа, жылытуға және жарықтандыруға арналған құрылғы, деформациялық жіктер мен көпірді кіреберіспен байланыстыру кіреді.

2.5.2.340 Жүру төсемі: Өткел мен қоршау шекаралары аралығында орналасқан құрылыстың кеңістік бөлігі.

2.5.2.341 Көпір жабындысы: Жүру төсемі киімінің жоғарғы құрылымдық қабаты.

2.5.2.342 Автомобиль жолының өткел бөлігі: Көлік құралдарының қозғалысына арналған автомобиль жолының құрылымдық элементі.

2.5.2.343 Есептік аралық: Тірек бөліктерінің остері арасындағы көлденең арақашықтық, олар болмаған жағдайда – аралық құрылыстың тірек остері немесе шартты тірек нүктелері арасындағы арақашықтық.

2.5.2.344 Аралық: Аралас тіректер арасындағы кеңістік.

2.5.2.345 Аралық құрылыс: Көпір төсемі элементтерінен, көлік құралдарынан және жаяу жүргіншілерден түскен жүктемені қабылдайтын және оны тірекке беретін екі немесе бірнеше тіректер арасындағы бүкіл кеңістікті немесе оның бір бөлігін жауып тұратын көпір құрылысының салмақ түсіретін құрылымы.

2.5.2.346 Тіректің көлденең тосқауылы: Бағана тірегінің, сондай-ақ массив тіректің темір бетон жақтауы.

2.5.2.347 Ростверк: Қада іргетасының жоғарғы бөлігіндегі құрылым, әдетте қадаларды бір бүтінге біріктіретін темір бетон арқалық немесе тақта күйінде болады. Жүктемені қадаларға бірқалыпты бөлу үшін пайдаланылады.

2.5.2.348 Қада: Оның түсіретін қабілетін арттыру үшін әлсіз табанға қағылатын немесе толтырылатын салмақ түсіретін элемент.

2.5.2.349 Көпірдің ортасы: Көпірдің басынан және соңынан теңдей алыстатылған нүктелердің геометриялық орыны.

2.5.2.350 Аралықтың ортасы: Аралас тіректерден теңдей алыстатылған нүктелердің геометриялық орыны.

2.5.2.351 Тоттануға қарсы қабат: Тоттанудан қорғауға арналған металл көпірінің жүру төсемінің төменгі элементі.

2.5.2.352 Тозу қабаты: Көлік құралдарының және жаяу жүргіншілердің әсеріне тікелей ұшырайтын жүру төсемінің жоғарғы қабаты.

2.5.2.353 Кіреберіспен байланысу: Көпір құрылысының кіреберіспен түйісу

желілерін құрылымдық тұрғыдан жасау.

2.5.2.354 Көпірдің сызбасы: Негізгі өлшемдері, геологиялық мәліметтері, сондай-ақ техника-экономикалық көрсеткіштері көсретілген көпірдің графикалық бейнесі.

2.5.2.355 Тіректің денесі: Подферменник тақтасы мен іргетастың жақтауы немесе жоғарғы бөлігі арасындағы массивті тірек немесе тіреулердің бөлігі.

2.5.2.356 Көпір жаяужолы: Жаяу жүргіншілердің қозғалысына арналған көпір төсемінің бөлігі.

2.5.2.357 Су бұратын құбыр: Жоғарыдағы суды, сондай-ақ оқшауланған қабатпен ағатын суды жүру төсемімен немесе жаяужолмен ағызуға арналған суды бұрудың құрылымдық элементі. Көпірдің көлбеу қиылысқан төменгі бөліктерінде орналасқан.

2.5.2.358 Қорғаныс қабаты: Әртүрлі материалдарды зақымдаулардан сақтау үшін гидрооқшаулауға қаланатын әртүрлі материалдардан (цемент бетон, асфальт бетон және т.б.) жасалған жүру төсемінің элементі.

2.5.2.359 Дуал қабырғасы: Үйіндінің топырағын ұстап тұруға арналған тік немесе көлденең детальдардан тұратын қабырға күйіндегі қада тіректерінің элементі.

2.5.2.360 Кері қабырға: Тіректен кейінгі төгілмелі затты ұстап тұратын іргетастағы тіректің бүйірлі қабырғасы.

2.5.2.361 Шкаф қабырғасы: Аралық құрылыстың шетжағы мен тірек бөліктердің орналасу аймағын кіреберіс үйіндісінің топырағынан бөліп тұратын тіректің жоғарғы басқы бөлігінің элементі.

2.5.2.362 Құбыр денесі: Су ағатын тұйық нысанды көлденең қимасы бар топырақта орналасқан кіріс және шығыс ұштары аралығындағы құбырдың негізгі бөлігі.

2.5.2.363 Жоғарғы бьефті бекіту: Жасанды құрылысты судың шайып кетуінен сақтайтын су өткізгіш құбырдың немесе шағын көпірдің кіретін жеріндегі негізгі жазық бекітпе.

2.5.2.364 Төменгі бьефті бекіту: Жасанды құрылысты судың шайып кетуінен сақтайтын су өткізгіш құбырдың немесе шағын көпірдің шығатын жеріндегі негізгі жазық бекітпе.

2.5.2.365 Тірек: Аралық құрылыс жүктемесі мен үйінді топырағының қысымын қабылдайтын кіреберіс үйіндісінің түйісу жеріндегі көпір тірегі.

2.5.2.366 Тіректің іргетасы: Аралық құрылыс пен тірек денесінен түскен жүктемені табанға түсіретін тіректің төменгі бөлігі.

2.5.2.367 Деформациялық жік: Герметикалық, деформациялық материалмен толтырылған немесе сырғанақ элементтермен жабылған және температуралық орын ауыстырудың орнын өтеуге арналған аралық құрылыстың шетжағы мен тіреудің шкаф қабырғасы аралығындағы саңылау.

2.5.2.368 Көпірдің ені: Сүйеніш аралығындағы арақашықтық.

2.5.2.369 Көпірдің пайдалы ені: Өткел өсіне перпендикуляр өлшенген, көлік құралдары мен жаяу жүргіншілерді өткізуге арналған көпірлердің барлық элементтерінің жалпы ені.

2.5.3 Көпір өткелдері

2.5.3.370 Бассейн (су жинайтын): Жоғарыдағы сулардың төмендегі жерлерге қарай ағатын аумағы.

2.5.3.371 Шағын су ағысы: Бассейнінің ауданы 100 км^2 болатын су ағысы.

2.5.3.372 Гидрометрлік жарма: Ағыс жылдамдығын, су шығынын, тасқын болғанда деңгейді, судың беткі қабатының бойлық және көлбеу беткейін, ағыс бағытын және т.б. анықтау үшін өзен ағысының бағытына қалыпты орналасқан, аймаққа (қазықшамен, бекне саусақпен, бағанамен) бекітілген сызық.

2.5.3.373 Тұрмыстық терендік: Ағынды көпір өткеліне дейін қысым тұратын

арнаның немесе алқаптың тереңдігі.

2.5.3.374 Су шайып кеткеннен кейінгі (есептік) тереңдік: Жоғары судың есептік деңгейі кезіндегі жалпы шайып кетуден кейінгі тереңдік.

2.5.3.375 Арна деформациясы: Өзен арнасының табиғи жағдайда немесе көпір өткелінің құрылысын салуға байланысты қайта құрылуы.

2.5.3.376 Өзен аңғары: Жердің беткі қабатындағы өзен ағатын тереңдік. Өзен арнасы мен алқабынан тұрады.

2.5.3.377 Шапшаң қима: Өзен ағысының жалпы бағытына перпендикуляр су ағынының көлденең қимасы.

2.5.3.378 Эрозия аймағы: Тау жынысының немесе шөгінді тұнба қалдықтардың өзен арнасын оюы.

2.5.3.379 Шайып кету коэффициенті: Есептік шығын кезінде арна топырағын шайып кетуден кейінгі көпір астындағы (көпір асты қимасы) ағынның шайып кеткенге дейінгі қима ауданына қатынасы.

2.5.3.380 Ағу коэффициенті: Су жиналатын бассейннен судың ағу көлемінің оның беткі қабатына түскен жауын-шашын көлеміне қатынасы.

2.5.3.381 Гидравликалық кедір-бұдырлық коэффициенті: Су ағынының морфологиялық ерекшеліктеріне, топырақтың құрамына, өзен түбіндегі жиналған заттарға, өсімдіктердің болуына және т.б. байланысты арнаның су ағысына көрсететін кедергісін сипаттау.

2.5.3.382 Шығын қисығы: Белгілі бір қимадағы су шығыны мен су ағыны деңгейінің арасындағы тәуелділікті графикалық бейнелеу.

2.5.3.383 Еркін беткі қабаттың қисығы: Тұрмыстық жағдайдағы ағынның еркін беткі қабатындағы бойлық немесе инженерлік құрылыстың тығыздалу нәтижесінде деформацияланған профилі.

2.5.3.384 Саба: Өзен негізгі топырақ суымен қоректенген кезде беткі қабаттағы ағынның әлсізденген кезеңіндегі өзендегі су деңгейі.

2.5.3.385 Ең жоғарғы ағын: Белгілі бір жармадағы шектен шығудың есептік мүмкіндігінің беткі ағынының ең жоғарғы шығыны мен мөлшері.

2.5.3.386 Көпір өткелі: Көлік ағынын су кедергісінен өткізуге арналған, көпір, оның кіреберісі, реттеу және қорғаныс құрылыстарынан тұратын инженерлік құрылыстар кешені.

2.5.3.387 Көпірдің саңылауы: Су ағынына перпендикуляр су деңгейін есептеген кезде өлшенген аралық тіректердің қалыңдығын есепке алмағанда, үйіндінің ішкі тіреу шектері немесе конус аралықтарының көлденең өлшемі.

2.5.3.388 Су тасқыны: Мол жауын-шашын, еріген қар және су ағыны бассейніндегі еріген мұздықтардың салдарынан өзендегі су деңгейінің дүркін-дүркін көтерілуі.

2.5.3.389 Алқап: Жоғарыдағы судың дүркін-дүркін басуымен және үйінді қозғалысының жоқтығымен сипатталатын арнамен салыстырғанда биікте көтеріліп тұратын өзен аңғарының бөлігі.

2.5.3.390 Қосалқы: Өзеннің бойындағы жағалаудың біреуіне түйісетін үйіндінің ірі құрылымдық жиналуы. Бір-біріне шахматтық тәртіппен орналасқан қосалқылар су тасқынының астында қалып, сабаны құрғатады.

2.5.3.391 Су деңгейінің көтерілуі: Мұз астынан еріген су кезінде, мұздың кептелуінде, сондай-ақ ағаштар кептеліп қалғанда немесе екі өзеннің су тасқынының уақыты сәйкес келмегенде ағын судың су өткізетін құрылысқа келуінің салдарынан өзендегі су деңгейінің көтерілуі.

2.5.3.392 Бір жерді судың шайып кетуі: Су ағынының қоршауға (тірек, үйінді немесе реттеу құрылысы) келген шекті кеңістігіндегі арнасын шайып кету (төмендету).

2.5.3.393 Жалпы шайып кету: Тығыз ағында су ағысының жылдамдығын арттыру

салдарынан көпір астындағыи арнаның, кейбір жағдайларда алқаптың түбін шайып кету (төмендету).

2.5.3.394 Тұрмыстық шайып кету: Ағынды қысым келтіретін инженерлік құрылысты салуға дейінгі арнаның табиғи деформациялануы.

2.5.3.395 Тұрмыстық жылдамдық: Қысым келтірілмеген ағындағы су ағысының жылдамдығы.

2.5.3.396 Шайып кетпейтін жылдамдық: Шайып кететін өзен түбіндегі топырақ бөліктерін алғаш орын ауыстыруға сәйкес ағыстың жылдамдығы.

2.5.3.397 Есептік жылдамдық: Шектен шығудың белгіленген барынша мүмкіндік шығыны кезінде көпір астындағы арнадағы немесе құбырдағы су ағысының жылдамдығы.

2.5.3.398 Жиналу деңгейі: Көпір өткелінің құрылысына дейінгі ағынның нақты қиылысқан енімен өтетін көпір астындағы саңылаудағы шығынның қатынасы.

2.5.3.399 Беткі қабаттағы судың ағып түсуі: Қардың еруі, нөсер құюы немесе мұздықтардың еруі салдарынан бассейннің бетіндегі судың ағып түсуі.

2.5.3.400 Су кемері: Су қабатының жағалаумен қиылысу сызығы.

2.5.3.401 Су деңгейі: Биіктіктің абсолютті немесе шартты жүйесінде анықталатын белгіленген қимадағы ағынның еркін беткі қабатының биіктігі.

2.5.3.402 Судың есептік биік деңгейі (СЕБД): Су өткізетін құрылыстың саңылау анықталатын белгіленген шектен шығу мүмкіндігінің есептік шығынына сәйкес су деңгейі.

2.5.3.403 Жоғарғы сең жүру деңгейі (ЖСД): Сең жүруді бақылау кезіндегі анағұрлым жоғарғы деңгей: тіреудің жеке мұздарға әсер етуін есептеу үшін қолданылады.

2.5.3.404 Төменгі сең жүру деңгейі (ТСД): Мұздың алғашқы қозғалысынан кейін сеңнің қарқынды жүруі бақыланатын су деңгейі, тіреудің көлемді мұздар мен мұз алаңдарына әсерін есептеу үшін қолданылады.

2.5.3.405 Кеме өтетін есептік деңгей (КЕД): Өзен класына қарай есептеумен анықталатын және көпір асты габаритінің төменгі шекарасының орнын айқындайтын кеме өтетін көпір аралықтағы кеме аралығын қамтамасыз ететін судың жоғарғы деңгейі.

2.6 Жол-құрылыс материалдары

2.6.406 Ыстық қоспадан дайындалған асфальт бетон: Кемінде 120°С температурада тұтқыр битумдерді пайдалану арқылы дайындалған асфальт бетон қоспаларын салудың және тығыздаудың нәтижесінде алынған асфальт бетон.

2.6.407 Суық қоспадан дайындалған асфальт бетон: Қоршаған ауа температурасында, бірақ 5°С төмен емес температурада сұйық битумдерді пайдалану арқылы дайындалған асфальт бетон қоспаларын салу және тығыздау нәтижесінде алынған асфальт бетон.

2.6.408 Асфальт бетон қоспасы: Жылу күйінде араластыру арқылы алынатын қиыршық тас (ірі құм), құм, минералды ұнтақ және мұнай жол битумының орынды түрде таңдалған қоспасы.

2.6.409 Асфальт бетондар: Тығыздалған асфальт бетон қоспасы.

2.6.410 Жоғары кеуекті асфальт бетон: Жабындының төменгі қабатындағы қалдық кеуектілік 10,0-нан 18,0 %-ға дейін жоғары ыстық қоспалардан дайындалған кеуектілігі жоғары асфальт бетондар.

2.6.411 Тығыз асфальт бетондар: Жабындының жоғарғы қабатындағы қалдық кеуектілік 2,5-тен 5,0 %-ға дейін жоғары ыстық қоспалардан дайындалған асфальт бетондар.

2.6.412 Кеуекті асфальт бетондар: Жабындының төменгі қабатындағы қалдық кеуектілік 5,0-ден 10 %-ға дейін жоғары ыстық қоспалардан және қалдық кеуектіліктің қалдық кеуектілігі 6,0-ден 10 %-ға дейін жоғары суық қоспалардан дайындалған кеуек

асфальт бетондар.

2.6.413 Жабындының төменгі қабаты үшін ыстық қоспалардан дайындалған қалдық кеуектілігі 5,0-ден 10 %-ға дейін жоғары және суық қоспалардан дайындалған қалдық кеуектілігі жоғары кеуекті асфальт бетондар.

2.6.414 Жол бетоны (цемент бетон): Орынды түрде таңдалған цемент бетон қоспасын салу, тығыздау және қаттылау нәтижесінде алынған жасанды конгломерат материалы. Монолит және құрама жабындының және жол және аэродром қаптауларының құрылғысына арналады.

2.6.415 Дірілдеткіш жол бетоны: Дайындау үдерісі кезінде бетон қоспасы дірілдеткіш машиналарды пайдалану арқылы дірілдеткішпен (беткі қабатты, ішкі немесе аралас) тығыздалатын жол бетоны.

2.6.416 Ұсақ түйіршікті жол бетоны: Тығыз ұсақ түйіршіктерді пайдалану арқылы дайындалған құрылымы тығыз жол бетоны. Бетонның тығыздығы 2800 кг/м^3 артық емес.

2.6.417 Ауыр жол бетоны: Тығыз ірі және ұсақ түйіршіктерді пайдалану арқылы дайындалған құрылымы тығыз жол бетоны. Бетонның тығыздығы 1800 кг/м^3 артық емес.

2.6.418 Тапталып тегістелген жол бетоны: Дайындау үдерісінде бетон қоспасы дірілдеткіш катокпен немесе соған ұқсас басқа құралмен тығыздалатын жол бетоны.

2.6.419 Жол бетон қоспасы: Орынды түрде таңдалған және оның қалыптасуы мен қаттылануына дейінгі тұтқырдың, толтырғыштың, судың және қоспалардың араластырылған қоспасы.

2.6.420 Полимер бетон: Синтетикалық полимерлі байланыстырғыш, толтырғыш және табиғаты мен бытыраңқылығы әртүрлі толтырғышты біріктіру арқылы алынатын жасанды құрылыс материалдары.

2.6.420 Мұнайдан жасалған тұтқыр жол битумдері: Мұнайды тікелей айырудың қалдығы күйінде алынатын немесе мұнайды тікелей айыру өнімдерін тотықтыру және мұнай өнімдерін (тасжолды қайта төсеу, талқамалы тазарту экстракты) талғамалы бөлу арқылы дайындалған органикалық тұтқыр материалдар. Сондай-ақ аталған тотықтырғыш және тотықтырылмаған өнімдерді компаундау (араластыру) арқылы.

2.6.421 Мұнайдан дайындалған сұйық жол битумдері: Белгіленген фракциялық құрамынан жасалған тұтқыр ағатын қоймалжыңды сұйық мұнай өнімдерінің тұтқыр битумдерін сұйылту арқылы дайындалған битумдер.

2.6.422 Мұнайдан жасалған сұйық, орташа жылдамдықпен қоюланатын битумдер: Тұтқыр жол битумдерін сұйық мұнай өнімдерімен сұйылту арқылы алынатын және өз құрылымын орташа жылдамдықпен (СГ класы) қалыптастыратын битумдер.

2.6.423 Полимерлі-битумді тұтқыр (ПБТ): Пластификатормен немесе онысыз битумді полимермен араластыру арқылы алынған органикалық тұтқырлық.

2.6.424 Қарамай бетон: Талап етілген тығыздыққа дейін тығыздалған қарамай бетон қоспасы.

2.6.425 Қарамай бетон қоспасы: Белгілі бір арақатынаста және белгілі бір температурада жылытылған араластырғыш құрылғыларда араластырылған минералды материалдар (қиыршық тас, құм, минералды ұнтақ) мен қарамайдың орынды түрде таңдалған қоспасы.

2.6.426 Тас көмір қарамайы: 450 - 600°С температурада тас көмірді жартылай кокстау нәтижесінде алынған қарамай. Бастапқы шикізатына қарай кокстың және газ шикізаты (отынды газдандыру кезінде алынатын) болып бөлінеді.

2.6.427 Жол бетонына арналған минералды қоспалар: Бетонның қасиетін реттеу, цемент пен (немесе) толтырғыштың шығынын төмендету және басқа да мақсаттар үшін оны дайындау кезінде бетонға қосылатын жасанды немесе табиғи-минералды заттар.

2.6.428 Жол бетонына арналған химиялық қоспалар обавки: Бетон қоспасы мен бетонның қасиетін реттеу, цемент шығынын төмендету және басқа да мақсаттар үшін

жеке және кешенді түрде (екі есе, үш есе) қолдану үшін оларды дайындау кезінде бетонға қосылатын жасанды немесе табиғи-минералды заттар.

2.6.429 Жол бетонының беріктілігі жағынан класы: Нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген және кепілдендірілген қамтамасыз етушілікпен (майыстыру және сығылу кезіндегі созылу беріктігі) қабылданатын беріктіктің нормаланған көрсеткіштері.

2.6.430 Асфальт бетон қоспасы мен асфальт бетон маркасы: Физика-механикалық қасиет көрсеткіштері мен қолданылатын материалдарға байланысты асфальт бетон қоспасы мен асфальт бетонның сапалы көрсеткіші.

2.6.431 Жол бетонының аязға тұрақтылық маркасы: Нормативті-техникалық құжаттамада мұздау-еру циклдерінің санына тиіс аязға тұрақтылықтың орташа мәні бойынша аязға тұрақтылық жағынан белгіленген нормаланған көрсеткіш.

2.6.432 Жол бетонының беріктілік маркасы: Нормативті-техникалық құжаттамада майыстыру және сығылудың орташа мәні бойынша майысуға беріктіліктің нормаланған көрсеткіштері.

2.6.433 Жаңадан төселген жол бетонына күтім жасау үшін үлдір тәрізді сұйық материалдар: Органикалық немесе су негізіндегі арнайы құрамы бар сұйық материалдар, жаңадан төселген бетонның бетіне жаққаннан кейін бетонды ылғалдың булануынан сақтайтын және оның тығыздалу жағдайын жақсартатын бу және су өтпейтін үлдір.

2.6.434 Жаңадан салынған жол бетонын күтуге арналған орамды материал: Жаңадан салынған немесе тығыздалып жатқан бетонды ылғалдың булануынан немесе атмосфералық жауын-шашыннан қорғайтын, оның тығыздалу жағдайын жақсартатын және т.б. арналған гидрооқшаулағыш орамды материалдар.

2.6.435 Битум модификаторы: Битумнің физика-механикалық және құрылымдық сипатын өзгертетін, дивинилстирол және стирол-бутадиен-стирол негізіндегі көбіне-көп термоэластопласттар.

2.6.436 Органикалық минералды қоспа: Құрылғыда немесе жолда араластырылған, белгілі бір арақатынастағы минерлады материалдардың (қиыршық тас, құм, минералды ұнтақ немесе ұнтақ емес және органикалық тұтқыр зат: битум, қарамай) орынды таңдалған қоспасы.

2.6.437 Беткі белсенді зат (ББЗ): Битумнің немесе басқа да тұтқыр заттардың минералды материалдың бетімен белсенді тұтасуын арттыруға арналған органикалық немесе органикалық емес тұтқыр материалға немесе қоспаларға қосылатын химиялық немесе полимерлі қоспа.

2.6.438 Полимер асфальт бетон: Полимер-битум тұтқыр заттарының негізінде адйындалған асфальт бетон.

2.6.439 Асфальт бетон қоспаларына арналған минералды ұнтақ: Әк тас немесе басқа да карбонатты тау жыныстарын немесе өндірістің техногенді қалдықтарын талап етілетін қалыңдыққа дейін ұсақтау арқылы алынатын ұнтақ тәріздес материал.

2.6.440 Белсендендірілген минералды ұнтақ: Әк тас пен доломитті ұнтақтау кезінде және олардың ұсақтарын өңдеу кезінде алынатын материал.

2.6.441 Асфальт бетон қоспаларына арналған белсендендірілмеген минералды ұнтақ: Ұсақ әк тас және басқа да карбанатты жыныстардан, сондай-ақ белсенді заттарды қоспай техногенді қалдықтардан алынатын ұнтақ тәріздес материал.

2.6.442 Портландцемент: Портландцемент клинкерінің негізінде алынған цемент.

2.6.443 Бетонның нормаланған беріктілігі: Нормативті-техникалық немесе жобалық құжаттамада белгіленген беріктік мәні (жобалық және аралық шама, еркін, тапсыру).

2.6.444 Жол бетонының номративті беріктілігі: Кепілдендірілген қамтамасыз етушілікпен (кластар) немесе олардың орташа мәнімен (маркасымен) қабылданатын

нормативті-техникалық құжаттамада белгіленген беріктіліктің нормаланған көрсеткіштері.

2.6.445 Жол бетонының «қабыршықтануға» тұрақтылығы: Бетонның беткі қабатының тұзды су ерітіндісінде бірнеше мәрте айнымалы мұздауы мен еруі кезіндегі талқандалуға кедергі болу қабілеті. Үлгінің беткі қабатындағы салмақтың шығынымен сипатталады.

2.6.446 Асфальт бетон түрлері: Құрамындағы қиыршық таспен (А, Б, В түрлері), сондай-ақ ұнтақталған (Г түрі) немесе табиғи (Д түрі) тәрізді құрамындағы құмның генезисімен ерекшеленетін қиыршық тасты тығыз асфальт бетонның түрлері.

2.6.447 Қара қиыршық тас: Фракцияланған немесе белгілі бір температурада органикалық тұтқыр зат араластырғыш құрылғысында өңделген фракция қоспасы күйіндегі қиыршық тас.

2.6.448 Эмульгатор: Тұрақты эмульсияны қалыптастыруға қажет беттік-белсенді зат. Бытыраңқы фазаның айналасындағы бөлшектердің қорғаныс қабатын қалыптастырады.

2.6.449 Жол битумді эмульсиялар: Эмульгатор болған жағдайда су және битум тәрізді бір-біріне ерімейтін екі сұйықтықтан тұратын бытыраңқы жүйе.

2.6.450 Құйылмалы қоймалжыңды эмульсиялық-минералды қоспалар: Катион белсенді эмульсия және сонымен өңделген ұсақ минералды материалдар (құм, ұнтақтың қалдығы, әк тас ұны күйіндегі ұнтақ тәріздес қоспа), сондай-ақ су, тұз қышқылы және арнайы тұрақтандырғыш негізінде орынды таңдалған қоспа. Тығыздауышсыз салынады.

2.6.451 Жол бетонының нормаланған сипаттамасы: Нормативті-техникалық құжаттамада белгіленген жол бетоны сапасының нормативті және есептік көрсеткіштер мәні. Нормаланған сипаттамаларға аязға төзімділік беріктілігі, деформация қасиеті және басқалары да жатады.

2.6.452 Жол бетонының есептік сипаттамасы: Нормативті-техникалық құжаттамада белгіленген цемент бетон жабындыларын немесе табандарын есептеу кезінде қолданылатын нормаланған сапа көрсеткіштері. Жол бетонының есептік сипаттамаларына майыстыру кезіндегі майысу беріктілігі, беріктілік модулі, сызықтық температуралық деформация коэффициенті, Пуассон коэффициенті және т.б. жатады.

2.7 Автомобиль жолдарының құрылымдық элементтеріндегі ақаулықтар

2.7.453 Қабаттың көтерілуі ("ауадағы қалта"): Қабаттың қуыс болып қалатындай көтерілуі.

2.7.454 Жапырылу: Пластикалық жол жабындысының көлік құралдарының дөңгелегінен түсетін әрекеттегі тік күштердің әсерінен болатын тереңдеу күйінде деформацияға ұшырауы.

2.7.455 Толқын тәрізді: Көлік құралдарының дөңгелек әрекетінен толқынның пайда болу үдерісі.

2.7.456 Толқындар: Бір-бірінен 0,5 - 2,0 м болатындай әртүрлі арақашықтықта орналасқан жолдың бойлық осіне көлбеу бағытта орналасқан, жабындының кезектесіп келетін еңістер мен жоталар күйінде деформацияға ұшырауы.

2.7.457 Кебу: Жер төсемінде судың жиналуымен және оның қыста қатып қалуымен және көктем мезгілінде еруімен шарттас жер төсемі топырағының және жол қаптауы қабатының көтеріліп кетуімен байланысты деформациялар.

2.7.458 Шұңқыр: Жол төсемінің жан-жақтары құламалы әртүрлі пішінде терең бүлінуі.

2.7.459 Үгілу: Минералды заттардың жеке түйіршіктерінің шығындалуы есебінен жол жабындысының беткі қабатының бүлінуі.

2.7.460 Шұңқыр: Судың әсерінен мүжілу салдарынан пайда болатын шағын

шұңқыр.

2.7.461 Тұтқыр заттың пайда болуы: Жол жабындыларында қоспалардағы битумның артық болуы немесе жоғарғы температурада оның төменгі тұтқырлығы себебінен туындайтын битум дақтарының пайда болуы.

2.7.462 Тарақ: Шұңқырлы жерлермен кезектес кездесетін дөңес жерлер тәрізді дұрыс көлбеу кедір-бұдыр қалпындағы қиыршық тас және топырақ жабындыларының бүлінуі.

2.7.463 Жол жабындысының ақаулықтары: Көлік құралдары мен табиғи-климаттық факторлардың түсірген жүктемесінің әсерімен шарттас жабындылардың бүлінуі мен деформациялануы, олар пайда болғанда жабындының бір немесе бірнеше негізгі көрсеткіштерінің мәні шекті шекарадан шығып кетеді.

2.7.464 Диагностикалық бақылау тексерісі: Құрылыстың жағдайы туралы көлемді ақпарат алу, ақаулықтардың (деформациялар мен бүлінулерді) пайда болу себептерін нақтылау және одан ары пайдалану мүмкіндіктері туралы қорытынды даярлау мақсатында жол құрылысын бүге-шігесіне дейін құрал-жабдықпен өлшеу (көшірілмелі зертханалар мен стансалар) және сынақтан өткізу.

2.7.465 Жабындының тозуы: Пайдалану барысында автомобиль дөңгелектері мен табиғи факторлардың әсерінен материалдың үйкелуі және шығындалуы есебінен жабынды қалыңдығының кемуі. Ылдық тозу – жол жабындысының материалының бір жылдағы шығыны, жабынды қалыңдығының миллиметрімен көрсетіледі. Тозу – жабындының жағдайы мен оның қызмет ету мерзімін анықтайтын жол жабындысының бүлінуінің негізгі түрі.

